

На сдв. *указ*

**ПИОНЕР**

**1946 год.**

**№ № 1-6.**

# П И О Н Е Р



Июль 1946 жыл № 1



# ПИОНЕР

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан ЛКЖО Орталық  
Комитетінің айына бір рет  
шығып тұратын балалар  
журналы.

№ 1

ИЮЛЬ 1946 ЖЫЛ




**ЕҢБЕКТЕ, МАЙДАҢДА  
ЖЕТКІЗГЕН ЖЕҢІСКЕ,  
ДАНЫШПАН СТАЛИН  
СҮЙІКТІ КЕМЕНГЕР.**



Жеңістің бас батыры ұлы Сталин,  
Әлемге күле қарап тұр Сталин.  
Отаным, сол кісінің қуатымен  
Мәңгіде жеңілмейтін ту ұстадың.

Түсінде-ұлы Отанның айбаты бар,  
Күшінде-халықтың от қайраты бар.  
Табысқа тағы талай бастар бізді,  
Жасарар жастық өмір, қайта туар.

К. Бекхожин.



## Жәкеңмен соңғы кездесуім

Мәлік ҒАБДУЛЛИН,

Советтер Одағының Батыры.

Быйылғы жылдың июль айында халқымыз өзінің ардагер ақыны Жамбылдың туғанына жүз жыл толуын мерекелеп өткізді. Жамбыл өткен жылғы июль айында тоқсан тоғыз жасқа келіп қайтыс болды. Бұл жаста Жәкең көп дәуірді басынап кешірді. Ол онжеті жасында қолына домбыра алды, әрі әдемі, әрі өткір өлеңдерімен халық арасына атағы шықты. Сол күннен бастап ол халықтың арманын, тілегін, елдің жай-жағдайын көп жырлады.

Жамбылдың ақындық таланты, өнері біздің совет дәуірінде өте қатты өркендеді. Мұның мәнісі — Ленин мен Сталин құрған совет өкметі халыққа, еңбекші елге бахыт нұрын шапты, бір кезде езілуде, қанауда болған қазақ халқына бостандық берді. Қазақ халқының шаруашылығы, мәдениеті дамып өсуіне совет өкметі негізгі күш болды. Осындай бахытты өмір болуын көп жылдар бойына арман ете жырлаған Жамбыл совет өкметі тұсында қайта жасарды.

Бұл сөзімізге Жамбылдың:

«Ел еңсесін көтерген,

Шаттық заман кез келді,

Өмір берді Сталин,

Бозбаламын мен де енді», — деген өлеңі дәлел.

Сталиндік сәулетті өмірімізді Жамбыл өте тамаша етіп жырлады. Жәкеңнің шығармалары том-томдаран кітап болып бірнеше ұлттың тілінде басылып шықты. Оның өлеңдері халқымыздың ұлы істер жасауына дем беріп отырды.

Неміс басқыншыларына қарсы болған соғыста Жамбылдың өлеңдері біздің майдандағы жауынгерлерді, елдегі ер-азаматтарды жауға қарсы күреске аттандыруға, барлық күш-қуатты жауды жеңу ісіне жұмсауға шақырып отырды.

Еіз майданда жүргенде де Жамбыл бізбен бірге екенін сезіп отырушы едік. Жауға қарсы атой саларда, Жамбылдың майдандағы жауынгерлерге жазған хаттарын оқитынбыз. Ол хаттар біздерді рухтандырып жіберер еді.

— Шіркін-ай, Жәкеңді жүзбе-жүз көріп, оғанмен ауыз-екі сөйлесіп, әуезім тыңдар ма еді! — деп арман ететін жігіттер майданда көп кездесетін. Осындай арман менде де бар еді. Менің бұл арманым жүзеге асты, мен бұған өте қатты қуанам. Ол былай болған еді.

1943 жылғы август айының іші еді. Аз күнге демалыс алып мен майданнан Көкшетауға келдім. Осы сапарымда Алматыға да соқтым. Мұндағы жолдастар болып ақылдасып, Жамбылға сәлем беріп қайтуды қолайлы көрдім. Жам-

былдың ауылы Алматыдан сексен шақырымдай жерде тұрады. Біз ол ауылға баратынымызды айтып хабаршы жібердік.

Августың 26 күні түс ауа Алматыдан Жәкең ауылына қарай аттандық. Бізбен бірге төрт-бес машина адам ере жүрді. Бұлардың ішінде Сәбит Мұқанов, ақын С. Я. Маршак тағы бір сыпра жолдастар бар.

Күн бата Жәкең ауылына да жеттік. Жәкеңнің үйіне кірдік. Жәкең, жанында бір топ ауыл адамдары бар төр алдына төселген төрт қабат көрпенің үстінде отыр екен. Біз тәжім етіп Жәкеңе сәлем бердік.

Жәкең менің қолымды қысып, бауырына тартты да аталық мейіріммен бетімнен сүйді.

— Кел, менің қасыма отыршы. Батыр келеді деген қабарды бағана күндіз естіп едім. Батырды өзім күтіп алайын деп, күні ұзаққа далада болдым. Жаңа інір түсе үйге келіп отырған кезім еді. Батыр келеді дегенде, баяғыдағы Қобланды, Ертарғын, Шора, Сұраншы, Өтегендер секілді алып денелі шығар десем, өзің талдырман қана екенсің ғой, деп Жәкең бір әзілдеп қойды.

— Балалар шаршап келген болар, бүгін жатып дем алсын, ертең әңгімелеселік, — деді Жәкең.

Біз Жамбылдың бақшасына қонып шықтық. Жәкең де ерте тұрған екен. Әрі-бері жайланған соң, Жәкең біздерді қасына шақырып алды. Әңгімеге кірістік.

Мен майдандағы жігіттердің ерлік істерінен көп әңгімелер айттым. Немістермен соғысуда майдандағы жауынгерлер батырларша қыймыл көрсетіп жатқанын айттым.

Бұл әңгімелерді Жәкең бар ықыласымен тыңдады. Кейде сұраулар беріп те отырды. Бір уақытта ілулі тұрған домбырасын қолына алып, Жәкең батырлық-ерлік, ел—отанды қорғау, батырлардың батыры Сталин жолдас туралы өте әдемі жыр айтты.

Сонан кейін Жәкең былай деді:

— Мен күн сайын майдандағы жігіттерден хат-хабар алып тұрамын. Олар немістермен соғысуда өздерінің жасап жүрген ерліктерін жазады. Мен бұларды оқығанда, тыңдағанда өте қатты масаттанып қуанам, разы болып отырам.

— Майдандағы балаларға сәлем айт, — деді Жәкең, жаудың жеңіліп, жеңіске жетуімізге көп уақыт қалған жоқ. Майдандағы жігіттер аянбай қыймыласын, қас жауды қаһарлана қырсын, аямасын немістерді. Жаумен соғысқанда ер намысы, ел намысы, халық намысы дегенді жоғары ұстаңдар. Әрқайсының азы-көпті ерлік істерің бүкіл халықты қуантады, оған разы боламыз. Алдағы күнде де халқыңның, көсеміміз

А. СЕМБАЕВ

Қазақ ССР Оқу Министрі

## „Пионер“ журналына

«Пионер» журналының қайта шыға бастауын Оқу Министрлігі, оның басқаруындағы мектептер, оқытушылары, оқушылары атынан шын ниетпен құттықтаймын.

Журналдың бірінші саны, біздің жеңімпаз Отанымыз Сталиндік төртінші бесжылдықтың ұлы жоспарын орындауға қажырлы қайратпен кіріскен тарихи күндерде шыққалы отыр.

«Пионер» журналы біздің жас лениншілдердің, мектеп оқушыларының сүйіп оқығанын журналы болуына сөз жоқ. Ол балалардың саналы білім алуына, қажырлы еңбек студі үйренуіне көмектесіп отырмақ. Ол жас өспірімдерді Ленин—Сталин ісі үшін күреске әр қашан дайын болу рухында баулымақ. Сонымен қатар журналдың алдында пионерлер мен мектеп балаларына Қазақстанның табиғатын, республикамыздың сарқылмас мол байлығын, сандаған жас натуралистердің, жас Мичуриншілдердің, жас өлке зерттеушілердің, жас техниктердің және туристер үйірмелерінің жұмыстары мен танысуда жәрдемдесу міндеті тұр.

«Пионер» журналы барлық халқымыздың жұмыла кіріскен ұлы құрылысына біздің жас өспірімдеріміздің қолдан келгенінше еңбек сіңіруіне зор мүмкіншілік туғызатын әрі қызықты, әрі жемісті жұмысына жетекші бола білуін тілек етеміз.

*А. Сембаев*

Сталиннің аброй-атағын жоғары шығара беру үшін іс істелік! Менің жасым жүзге келіп қалды. Осындай кәрілігіме қарамастан мен де сендермен біргемін...

Жәкең бұл сөздердің бәрін өлеңмен, ақындық әдемі тіл, сұлу сөздермен айтты:

Жәкеңмен бірге біраз үйде отырғаннан кейін далаға шықтық. Далада бір топ балалар ойнап жүр екен. Оларды Жәкең қасына шақырып алды.

— Балалар, сендердің бақытты болуларың үшін майдандағы жігіттер немістермен қатты соғысып жатыр. Олар сендерге сәлем жолдапты: сабақты жақсы оқысын, колхоз жұмысына көмектессін, — депті. Мұны естеріңнен шығармаңдар, — деді Жәкең.

Біз қайтуға ыңғайландық. Жәкең қоштасарда құшақтап бетімнен сүйді де:

— Жауды жеңіп, аман-есен қайтыңдар. Жау жеңілген күні елімізде үлкен той болады. Ол тойдың тойбастарын өзім айтам, — деді Жәкең. Біз жүріп кеттік...



С. БЕГАЛИН

Суреттерін жасаған Б. Чекалин.

Жамбыл 1846 жылы февраль айында туыпты. Туған жері Хан, Жамбыл тауларының атырапы екен. Жамбылдың тууы мен атының Жамбыл қойылуында елі мынадай аңыз айтады.

Жамбыл туар кезде елдің бір жаугершілік үдере-көшіп жүрген кезі болады. Күн бұрқастап жауын тұр екен. Жамбыл тауын бетке алып көшіп келе жатқан көш іріліп тұра қалады. Жамбылдың әкесі Жапа сол көшкен елдің алдын-артып шолып отыратын, әрі қонысшыл, әрі жаудан қорғар мықты жігіті болады. Ол алыстағы қарауылда отырып, көштің сусыз далара мезгілсіз тоқтай қалғанын көре салып, шауып келеді.

Түйені шөгеріп соған сүйеніп толғатып тұрған әйелін көріп Жапа көштің барлық түйесін дөңгелете шөгеріп, жүкті түсіріп ықтырма жасайды. Әйелі сол ықтырмада толғатып босанады, ер бала туады.

Көштің тоқтаған жері сусыз, дала, оның үстіне арт жағынан қауыптене көшкен ел көңіліне алған жеріне жетпей қонбайды. Басқа елден бөлініп Жапа да ауылын жолға қондырып қала алмайды. Баланы жергекке орап алып, әйелінің белін қатты орап түйенің үстінен орын жасап соған мінгізеді. Көш суыт тартып отырып Жамбыл тауының саласына қонады. Сол жерде баланы бесікке салып атын қояды. Сол таудың атымен баланың атын Жамбыл қояды. Жамбыл деген сөз қытай тілінде «қорған» деген сөз екен.

Жамбылдың жасы жеті — сегіз шамасына келген кезде Жамбыл тауларының бойындағы ел қайтадан көшіп осы Алатаудың өзіне келеді. Жамбылдың әкесі Жапа бір әкеден төрт ағайынды болған. Бұлардың әкесі Ыстыбай ертерек өліп, балаларының ішіндегі бас көтерері Жамбылдың әкесі Жапа болыпты. Інілері Жапа деп атын туралап атамай «Жабекке» деп атап соған жазуға түскенде де Жабай деп аталып кетіпті.

Жапа ауылын Алатауға бастап келгенде ең алғаш қонған жері «Май бұлақ» деген жер екен. Бұл жер осы күнгі Қарғалы өзенінің басындағы Шұға фабрикасының күн батыс жағындағы «Май бұлақ» колхозы отырған жер.



деп жатырмын» деп қыйсық сөз айғышты. Өкесіне, ағасына өкпелегенде, әдейі ауылдың сыртына барып жатып, келе жатқан кісі болса, «біздің үйде тамақ көп, қазы бар» деп ергіп келіп, сол кісі аттанғанша қасында болады екен.

Жамбылдың жас күніндегі жақсы көрген малы жылқы болған. Басқа малға жұмсаса бармайды екен. Ал, жылқыға жылқышыға еріп кете береді екен. Жамбылдың сол жасөспірім кезінде бір қатты жұт болады. Сол жұтта Жапа үйінің екі жүзге тарта жылқысынан тең жарымы өледі. Ол кезде жылы үй салмаған қысты күнде киіз үй мен отыратын кез екен. Таудағы жылқыдан бір топ арық жылқыны қолға әкеліп, күрек аршып бағады. Осы арық жылқының ішінде Жамбылдың өз бәсіресіне тиген қоңыр жабағы енесімен бірге келеді.



Өзі тандап бәсіресіне алған жорға жабағысын Жамбыл өзі күтеді. Күрек аршып, бидай бөрттіріп беріп, әйтеуір еңбек етіп қыстан алып шығады. Бірақ, тайдың енесі жұттан өліп қалады. Өрі қыстай қолда болып, салқтау болған, оның үстіне енесі жоқ арық тай зеңбастау болып көрінгеннің жылқысына қақтығып кетіп қалғып болып жаман үйренеді.

Ел жайлауға барғаннан кейін өрісте шендескен бір ауылдың жылқысына қосылып кетіп, қоңыр тай жоғалады. Таяудағы елден сұрау салып іздестіреді, бірақ тай табылмай кетеді. Сол жайлауда бір үлкен ас болады. Асқа елдің бәрі барады. Ауылының кісілеріне еріп Жамбыл да барады. Мұндай аста, тойда сұрау салады. Сон-

дай біреулердің сұрау салып жүргенін көріп, Жамбыл да тайының түсі-түгін айтып жырменен сұрау салады.

«Өлі жүні түспеген,  
Өкпесі шауып өшпеген,  
Құйрығын қынай қос керткен,  
Жалын күзеп келте өткен,  
Төрт аяғы тең жорға,  
Тайпала басып күй шерткен,  
Қоңыртай көрген қайсың бар,  
Көрсен айт та шүйінші ал».

деп теңселіп келіп жырлайды. Сонан бір кісі: «жүрек жарлы берсең тайынды да табамын» деп айтқанына ақысын алып, тайын тауып береді. Жамбыл қоңыр тайды көп уақытқа дейін мініп жүріпті. Аса жақсы жорға болыпты, деседі білетіндер.

\* \* \*

Жамбылды жас кезінде молдаға оқуға беріпті. Оған бір дәлел, өзінің мына өлеңі:

«Шіп — шіп етіп молданың  
Қолындағы тобылғы,  
Қозғалтпайды жөн жарым,  
Талай дүре соғылды.  
Тарсылдайтын танадай,  
Жыртар болды тонымды.  
Тілің ащы бала деп,  
Қайнатты әбден сорымды».

Өрі қыйсық мінез, әрі тілі ащы Жамбылды молда көп ұра берген көрінеді, соған шыдамай оқуды тастап қашып кетіпті.

Жамбылдың әкесі жасында барымташыл батыр жігіт болыпты, өзінің әдеті мен Жамбылды да барымтаға баруға жұмсапты. Оған Жамбыл бармайды. «Неге бармайсың» деген әкесіне өлең мен арыз айтыпты.

«Сорлығың ұрлап қара атың,  
Жазықсыз қыйып қанатың,  
Жапанда жаяу қалдырып,  
Жәйім жоқ қарғыс алатың.  
Ел арасың егер ғып,  
Ойым жоқ шұрқан салатың.  
Батанды маған бер, әке,  
Тіліме менің ер, әке,  
Жалапың ұлы ақын боң,  
Атағы шықты, дер, әке.

Міне Жамбыл әке алдына осындай тілек қойып барымтаға бармаған.

Жамбылдың шешесі Ұлдан аса көп сөйлегіш кісі болмаған сияқты. Бірақ, сөзді айтқанда тауып айтатын, досына тәтті, дұшпанына қатты кісі болды дейді білетіндер. Жамбылдың өз ата тегінде домбырашы, өлеңші белгілі ақын кісі болмаған. Шешесі Ұлданның нағашысы Үйсін ішінде Жалайыр Қанадан деген аса үлкен қобызшы, өлеңші кісі екен. Қанадан қобыз



тартқанда кейбір көңілі бос адамдар жылап отырады екен. Қанадан бір жақтан келе жатып шет елдің бір жауына кездеседі. Жау Қанаданның атын да алып, өзін де тонап әкетеді. Қанадан жапан түзде жалғыз қалып бір тауға келіп жемісін теріп жеп жүріп, қурайдап сыбызғы істеп соны тартып отырыпты. Сыбызғысын тартқанда еліктің лағының маңырағанын салып тартқан екен. Сонда бір ұрғашы елік әмшегінен сүті сорғалап ісініп қасына келеді. Бірнеше күндей сол еліктің сүті қорек етіпті, дейді. Мінеки Қанадан сондай қобызшы екен, деген аңызды күні бүгінде айтады елі.

Жамбыл Қанадан қобызшыны өз көзімен көріп, оның тартқан қобызының үнін де, айтатын әдемі жырын да тыңдаған. Жамбылдың 10—11 жасы шамасында Шапрашты, Дулат елдерін аралап жүретін қарт қобызшы Ұлданға амандаса Жапаның үйіне келеді. Бір неше күн жатып қобызымен сан тамаша күй тартады, «Әсересе Асанқайғының Желмаясы мен жер шалып қайтқандағы жүрісін күй ғып тартқаны тым зарлы еді. Әлі күнге құлағымда тұрғандай болады. Онда жас едім, ұға алмадым» дейтін еді Жамбыл.

Қанадан қобыз тартқанда қасынан шықпай

есі шыға тыңдап, құлап ұйыған кішікене жиеншарына Қанадан аса разы болады. Ұлданда өзі аса көдірлі сапайтып пағашы әнеріне баласының құлақ қойған талабын өте қызықтайды. «Осыдан бірнәрсесі шығар ма екен, аузына түкіріңіз», — деп те ырымдапты деседе елі Жәкең жайын аңызға айналдырып.

Қанадан жүрерде Ұлдан өз қолынан келген зор деген сыйы шапан жауып, Жамбылға батасын әпереді. Қанадан кеткеннен кейін де кішікене Жамбыл қарт қобызшының сарғынып көпке дейін есіне сақтап өзі де сондай күй тартсам деп құмартады. Қобыз алмаған мен домбыра ұстауға өте ынталанады. Баласының бұл талабына Ұлдан іштен тілеп қана емес, тіпті өзі ой салып тәрбиелейді. Бұл жөнінен Жапамен де қыйғаш келіп қалған кездері болған.

Жамбылдың Сүйімбайға алғашқы кездесуі жайында тағы бір аңыз. Жамбыл Сүйімбайға өз үйінен алған шапанын жауып батасын алса да, өз үйіне шақырып бата алуды дұрыс көреді. Әкесіне айтуға, көпбейтінін білетін Жамбыл шешесіне айтады. Баласының бұл талабын қызықтаған ана Жапаға айтады. Жапа: «балам дуана болсын деп сояр қойым жоқ» деп көнбейді.


Осы жөнінде Ұлдан мен Жапа екеуінің арасында біраз тартыс болып барып, Жапаны көндіріп бір бойдақ қой сойып, Сүйімбайды шақырып, батасын әпереді.

«Атамда жоқ ақындық, анамда жоқ ақындық бұған қайдан келсін, Екейдің есенгіреген бір жыны да, Екейге алдыңғы тарылып жүрген атымыз аз еді. Ендігі бақсылық Сәдібек тұқымына орнағаны ғой. Сүйімбай, жер етіңді желіңмынаны енді өзің ертіп кет,» депті Жапа. «Сау қойыңды сойғанда, айтар сөзім басқа еді. Қасқыр тартқан қойыңның жемтігіне иесіне өкініп отырсың» депті Сүйімбай. Өйткені Сүйімбайға сойғаны қасқыр тартқан қой болса керек.

Жамбыл өлең жолына түсерде әке жарынап көп қарсылық көрген. Бірақ, бір беткей, айтқанынан қайтпайтын зерделі бала өзі сүйген жолы ақындығына тартып, әке ырқынан шығады. Осының салдарынан жасөспірім кезінде үй ішінен суысып, түзшіл, ел қыдырғышта болған.







Ұйықтасын деп бөбегін,  
Домбыраның қос шегін  
Жамбыл бабаң қағады,  
Қаққан сайын өлеңі,  
Бұлақтайын ағады.

Қағады Жамбыл қос шегін,  
Өсуің үшін өсуің.  
Ұйықтасын деп бөбегін,  
Тербелсін деп бесігің.  
Көкте де жұлдыз ұйықтады,  
Жайлауда жусап малдағы.  
Мамық жүнді жас лақан,  
Ұйықтап қырда ботақан,  
Алтын жалды құлыншақ,  
Жұмып көзін бұзауқан,  
Сида сыйрақ қошақан  
Төлдің бәрі ұйықтады,  
Ұйықта сенде балақан,  
Шегіртке ұйықтап шөбінде,  
Бақа жусап көлінде,  
Қалғып құрақ өзенде,  
Балықтағы ұйықтады  
Әмудария түбінде.

Ұйықта сәулем бөбегім,  
Болды сенің дегенің,  
Баулып саған нұсқаған,  
Мейрімді атаң Сталин,  
Терезеден қараған,  
Көрінеді көзіне  
Қараса оған бар әлем.  
Сені де, сәулем, көріп тұр,  
Сүйіп мейрін төгіп тұр.  
Мәпелеп, баулып бар елдің,  
Тәрбиесін беріп тұр.

Отаныңның сүйікті,  
Бөбегінің бірісің,  
Бәрінен де сен сұлу,  
Бәрінен де ер сұлу,  
Біздің жердің құлпырған,  
Жас өспірім ерісің.

Бәрінен жақсы өссін, деп  
Бөбегім сені қолдаған  
Кремльден жан атаң,  
Сталин сені ойлаған.



Балалық, жастық, шағынды  
Өсірді елің дарынды,  
Еліңменен бір көрдің,  
Жарқыраған бағынды;  
Бак жұлдызы жайнатты,  
Жас бөбегім жаныңды.  
Өмірің кең шалқыған,  
Жолың ашық андаған  
Сен үшін бақша бұлбұлы  
Сұлу әнін сайраған.  
Сайдың сұлу гүлдері,  
Сенің үшін жайнаған,  
Аққан күміс арнадан.  
Көзің жарық жұлдыздан,  
Шашың жібек құндыздан,  
Сен бір артық көркемсің,  
Биік асқар, шың-құздан.  
Қара көз сәби бөбегім,  
Аса берсін өнерің.  
Батыр болып өсе бер,  
Жанарынды жайғызған.  
Бала күнде өзіміз,  
Сендей болың өспедік,

Сұм өмірдің бұрынғы,  
Не бір уын кешпедік.  
Май айында ұранын  
Салып, қолда флағын,  
Шыққаныңда көшеге,  
Қуанғаннан көзіме,  
Жастар келіп, егіле,  
Түсіп кетед менің де,  
Балалық шағым есіме.  
Жігіт болып өс жылдам.  
Өмірге жассың сен керек.  
Пионер және комсомол,  
Боласын өсіп жас бөбек.  
Комсомолдан өскен сен,  
Боласын жігіт-большевик.

Ұйықта бөбек, жас-қазақ,  
Бесігің балғып толған нұр,  
Көзіңді жұм, демінді ал,  
Күзетте қызыл әскер тұр  
Туған елдің туында,  
Қәріге, жас буынға  
Бақыт нұры жанып тұр.

## ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫ 25 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Қазақстанда Коммунистік Жастар Одағының тұңғыш ячейкасы 1918 жылы Орда қаласында (қазіргі Батыс Қазақстан облысындағы Орда ауданының орталығы) ұйымдасты. 1918-1919 жылдары Верный (қазіргі Алматы) қаласында және басқа жерлерде комсомол ұйымдары құрылады.

Қазақстан жастары, әсіресе жастардың алғашқы коммунистік одақтарының мүшелері азамат соғысы кезінде совет үкметі үшін күресте батырлықтың және жапқырлықтың үлгісін көрсетті. Сонымен 1919 жылы бүкіл Қазақстан көлемінде совет өкметі біржола орнады.

1921 жылдың 13 пюлінде Орынбор (қазіргі Чкалов) қаласында бүкіл Қазақстан комсомолының бірінші съезі ашылды. Бір аптаға созылған бұл съезге 21000нан аса мүшесі бар ұйымдардан 193 өкіл қатынасты. Съез басшы орган Ресей Коммунистік Жастар Одағының Қазақстан өлкелік комитетін сайлады.

Бұдан былай елімізде жүргізілген келелі саяси-шаруашылық шаралардың жүзеге асырылуына Қазақстан комсомолы белсене ат салысып алдыңғы қатарда болып келді.

Социалистік құрылыстың түрлі саласындағы қажырлы еңбекте, жауынгерлік күресте Қазақстан комсомолы барған сайын нығайып, есейі берді. Сөйтіп Ленин-Сталин партиясына мықты жәрдемші, жауынгер резерв боларлық дәрежеге жетті. Соғыстың алдында, 1940 жылы, өткен III Съезінде Қазақстан комсомолының қатарына 356 мың мүше-кандидаты болды.

Қазақстан жауынгер ұл-қыздары өздерінің батыр болып өткен ата-баларының дәстүрін


берік сақтап, ұлы Отан соғысы жылдарында Отанымыздың бостандығын, тәуелсіздігін қорғап қалу ұрыстарында батырлықтың асқан үлгілерін көрсетті.


Қазақстан жауынгерлерінен үш жүз отыз адам қаһармандықтың жоғарғы атағы-Советтер Одағының Батыры атағын алды. Олардың көпшілігі жастар және кеше ғана пионер, комсомол қатарында болғандар. Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғат Бигелдиновты, Сергей Луганскийді, батырлар Мәлік Ғабдуллинді, Әлия Молдағұлованы, Мәншүк Мәметованы тағы басқа батырларды Қазақстан комсомолы зор мақтаныш етеді.

Соғыс жылдарында елдегі комсомол-жастар жеңіс мүддесі үшін жапқырлық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Ересек балалар мен қыздар түрлі саладағы өндіріс жұмыстарында иешуші күш болып алды. Олар өзара бригадаларға, мол өнімші звеноларға ұйымдасып, соғыс уақытының стахановшылары деген хұрметті атаққа ие болды.

Республикамыздың 25 жасқа келген жас азаматтары мүлдем жаңа адамдар. Олар тек жаңа тәрбие—Лениндік, Сталиндік тәрбие алып, социалистік құрылыс, сүйікті Отан үшін ұрыс майдандарында шынығып, есейгендер. Олар Сталиндік дәуірдің бақытты жастары.

Қазір бейбіт еңбекке, оқу-білімге қайта оралған комсомол-жастар өткендегі ерлік істерін, қажырлы күресін орындады мақтан етеді де, болашағына берік сенеді. Бақытты болашағын, қызықты өмірін қамтамасыз еткен сүйікті атасы Сталинге шын жүрекпен алғыс айтады.





(Романнан үзінді)

Сәбит МҰҚАНОВ.

Суреттерін жасаған Н. Ходжиков

VI.

Әміржан Орынбордағы рабфактың даярлық бөліміне жіберілетін болды. Рауқаш екеуі Алматыдан Байманның батасын ап, Әлпешті ертіп аттанды. Хажетті төсек-орыннан басқа мүлкті де, ақшаны да олар алмады.

Жайлаубайдың үйіне бұлар «Көк-Сенгір» дейтін таудың биігінде жайлауда іздеп барды. Өткен көктемнен бері Жайлаубай «жүрегімнің қызылдағы ұстампаз боп кетті, қымызға тамыр дәрі қосып жаздай емделем» деп қызметтен босаған екен де, Әміржандар барғанда, терлеймін деп, бәрпі<sup>1)</sup> ішіп жатыр екен.

Бойшаң Кенжетай, былтырғысынан быйыл серейіп өсіп қапты. Өзі қазан бұзар тентек екен, үй ішіне істемейтін сотқарлығы жоқ, тысқа шықса іздегені жанжал, баққаны төбелес, соның салдарынан өзге балаға жоламай, өзі көбіне оңаша ойнайтын бопты.

Ойыны — тау кезу екен: тұзақ құрып, ұлар сыяқты құсты, суырды, басқа аңдарды ұстайды, көбелек қуады, жағалтайға торғай алдырады, тілін суырып жыландар жыйнайды, қорқытқысы келген кісісін жыланмен қуады, тасбақа төбелестіреді, кейін өзі ұстаған, кейін басқалар берген: бір қасқырдың күшігі, бір аюдың баласы, бір еліктің ылағы бар, — сол үшеуін қосақтай-қосақтай ағайындастырып алған; ендігі арманы бүркіттің балапанын ұстау.

Жайлаубайдың біреуден қолқалап алған бүркіті қартайып шәу болған екен. Осы жайлаудың мұз жамылған бір қыя тасында бүркіттің ұясы барын, балапандар барын, бір уябасардың жем тасуынан байқаған Жайлаубай іздемек болып жүреді екен. Оның осы ойын әңгімесінен естіген Кенжетай, «қай қыя» деп сұраса, тентек, өжет бала барам деп азаптанар, жазым болар, — деп Жайлаубай жөнін айтпайды екен. «Көк-Сенгір»ге анда-санда ұшып-түсіп кейде суыр, кейде қоян я лақ көтеріп әкететін уябасарды Кенжетай көргенмен, барар жерін шамалай алмады.

Кенжетайдың арманы, — уябасардың балапанын емес, өзін ұстау. Оның ойы, бүркіт бір тө-

мендегенде, жайлаудағы көп суырдың біреуін ұстап ап сойып, бүркітті жемге шақыру. Оның әкесінен естуінше, қызыл көрген бүркіт, егер сол маңда адам болмаса, қонбай қоймайды; егер қызылды жіпке байлап, жіптің бір ұшын ағашқа байласа, жем жұтқан бүркіт, аузынан арқандалып қалады. Ұстауға кұмартқан бүркітіне Кенжетай осы айланы қолданбақ болады.

Осы айлаға бекінгеннен кейін, ол Әміржан мен Рауқаш қонақта жатқан ала бұлтты салқындау күндердің біреуінде, әжесі сондай күндерге арнап тігіп берген, қолбыраған кен, қалың сырмалы мақта шапанын, қазандай қара бұйра бөркін киді, белін қайыспен тас қып байлап, өткір кездік пышағын белбеуіне қынынап ілді, жіңішке келеу бір қыл арқанды бір қолтығына, басы қос жұмырықтай, келте сапты шоқпарын екінші қолтығына қыстырды, сөйтіп, үй ішіне де, қонақтарға да сездірмей тау арасындағы тұзақ құрған жеріне жылысты. Тұзақты сл, ауылдан алшағырақ жердегі, арша өскен бір жақпар тастың етегіндегі інге құрған еді, соған барса, аш белінен ілінген суыр жуандығы шылбырдай қыл тұзақты тістелеп қыя алмай әуреленіп жатыр екен. Кенжетайды көрген соң-ақ, бақырауық салтына барып, шарылдап қоя берді.



1) Бәрпі—дәрі шөлтің тамыры.

Дағдылы күндері Қенжетай бұлай түскен суырды тез өлтірмей біраз тәлкек қылатын еді. Бұл жолы да сүйтейін деп ойлап бүркіт жоқпа екен деп биікке көзін тіксе, алыста, бұлттың арасында... ноқаттай бір қара зат төмен ағып келе жатыр...

— «Бүркіт осы» деп ұйғарған бала, асықты да, қолындағы шоқпармен суырды тұмсықтан бір періп қап жығып, шалажансар күйінде, тым болмаса бір қолын сөгіп алу мақсатымен, терісін ірей бастады. Қолды ол жалаңаштап сөгіп аң, арқанға байлап арқаның бір үшін ағашқа байлап үлгіргенде, манағы ноқат үлкейіп, шынында зулап келе жатқан бүркіт боп шықты.

Бала қуанды да, састы да: қуанғаны — бүркіт жемге келер деп дәмеленді, сасқаны — «өзімді көтеріп әкетсе қайтем» деп хауыптенді. Сондықтан ол, жіпке байланған етті аршаның үстіне қойып, өзі арасына бұқты.

Бала көріп жатыр, бүркіт ағып келеді, жақындаған сайын үлкейіп барады. Міне, зуылдаған қанат дауысы естілді, шаңқ еткен сыяқтанды. Баланың жүрегі шыдамай, буыны дірілдеп, көзі жасаурап кетті. Ол бұға түсті.

Бүркіт қандай алыстан көргіш. Төменде қолына қызыл ұстап қыймылдаған бірдемені ол алыстан шалып, неде болса сыпыра жөнелу ниетімен келе жатыр. Ұшуға жақындаған балапанының төрт-бес күн жем сұрап шырылдауы, анаға онай боп па. Ұядан «әлде не кездеседі» деген уайыммен ұшқан ана, алдында қыбырлақ көрінгенге аса қуанышты.

Бүркіт зулап кеп, сыпырып кеп өтті. Жемді емес, өзін көтеріп әкеткенін, бала екпіндей ұшқан бүркіттің алдынан тұрған самалдан есін жыйғанда-ақ ұқты.

Бала бүркітке, бүркіт балаға қарады. Екеуінің де көзі қан таларан, бірін-бірі тесіп барады. Жолбарыс айтады дейді ғой, — «адамның өзі емес, көзінен қорқам» — деп. Бұрын адаммен кездесіп көрмеген мына бүркіттің де, баланың адырайған қап-қара көзі түскенде, жүрегі қобалжыһын деді, бірақ, тәуекелшіл антұрған уысын бо-

сатудың орнына, нығыздай түсті. Бірақ, оның екі уысында шапанды ғана қамтыған екен. Бала оны біліп келеді. Бүркіт біраз биіктеп, қалқып ұшқаннан кейін, баланың есі тыңайып алды.

«Не істеу керек», деп ойлады ол.

Құс аяқтарын бөксе жақ бауырына қыса ұшады ғой. Бір нәрсені бүре ұшқанда да ол сол салтын сақтайды. Сондай салтты аң аулаған әкесінің қасына еріп жүріп көргенде, әке, — деп сұрайтын еді Қенжетай, — бүркіт биікте жүріп, алған аңың жей ала ма? Жоқ балам, — дейгін Жайлаубай, — жей алмайды. «Неге?» «Ушып бара жатқан құс, аңмен алысса ауытқып кетеді, сондықтан ол, қонбай ауыз салмайды». «Аң ауыз салса қайтеді? «Балам ау, оған шамасы келе ме аңның. Аспанға алып ұшқанда-ақ, құты қашып кетпей ме, оның».

Міне, енді, сол аң, — мына Қенжетайдың өзі боп келеді. Бірақ, оның құты, аспанға көтеріле бергенде кеткенмен, қазір сабасына қайта түсті. Оның қазіргі ақылы да, ойы да үйінде, әке-шешесінің қасында отырғаннан кем емес.

Бүркіт бұл қозғалған сайын бір шаңқ етіп қалады да, тістейтіндей тырыспайды. Баланың көзбен мөлшерлеуінше, қолын көтерсе-ақ, бүркіттің төсіне тиетін. Оның жемсауы бөтегесінде болатынын бала әкесінен естіген. «Жемсауына шөгір қадалса да бүркіт өліп кетеді» — дейтін әкесі. Баланың қынында шөгір емес, тастан басқаны тіліп түсетін, үші біздей сүйір, болат кездік келеді.

«Мұны жарсам ғой, — деп ойлады бала, — бірақ ол құлайды. Сонда... мына биіктен құлап, мен тірі қалам ба. Екеуміз де өлгенде не болады»...

Тіпті, биік ұшып келе жатқанын Қенжетай, әлде кім бағып жүрген жылқының үстінен өте бергенде байқады: қозыдай-ақ көрінді олар. Бағып жүрген адамы қозыға артқан қуыршақ сыяқтанды.

— Мен, Қенжетай... Жайлаубайдың баласы... — деп айғай салды ол, бақташының үстінен өте беріп. Бүркіт бір шаңқ етіп қалды.

Жылқысына айғайлады ма, Қенжетайдың дауысына дауыс берді ме, әлде жем әкетіп бара жатқан бүркітке жел өкпеленді ме, — әйтеуір Қенжетайға естірте, жылқышы да қыйқу салды.

Неде болса бүркіттің ұясына бара көруге бел байлаған Қенжетайды шопақ-құрлы көрмей, бүркіт зулап келеді. Тауда қос-қыртыс биіктер, белестер, төбелер мұндай көп болар ма, — ағып өткен толқынның қатарындай, алдан домадай қарсы алып, артқа ирелеңдеп сырғып қалып барады, қалып барады... Міне, бүркіт қарлы тауға көтерілді. Қар, әне, етекте қалды. Міне қалың бұлтқа кіріп кетті. Түк көрсетпейтін тұманды жарып, әрі асса ар жағы жарқыраған ашық аспан екен, аспанның тас төбесінде, сұлудай қылмындап күн тұр. Астағы қалың бұлттан жер жасырынған. Тек, ара-тұра бұлттан мойнын қылқыйтқан бірдемелер сораяды. «Тегі шыңдар-ау» — деп ойлайды бала. Бұлардың бәрі, балаға өңіне айналған түс, яки шындықта көрінген ертегі сыяқтанды. Не деген тамаша.

Бір кезде, бүркіт жер атаулы әлде қайда төменде қап, шырқап биікке шығып алған бүркіт, саңқ етіп бір шақырды да, бір қанатын төсей, бір қанатын көтере, төмен қарай дөңгелене, зымырай кеп, сарқылды. Ол енді жұлдыздай ағып, баланың көзінен жасын барлатып, түк көрсет-



педі. Оның көзі, тек бүркіттің екпіні бәсеңдегенде ғана көрді. Бала енді қараса, бұлт бүркенген қарлы заңғар тағы да биікте қапты. Жобасы ақырын қалықтап келе жатқан бүркіт, бір жақпар тастың сүйріген төбесіне емес, белуарында үңгір сыяқтанып қарайған бірдемені нысаналап келеді.

«Қонатын жері осы» — деп жоспарлаған бала, енді өз халын есіне түсірді. Оның халы — бүркіттің алған аңының халы. Аңды бүркіттің қалай алғанын Кенжетай әкесі бүркіт салғанда көрген: «Жыртқыш аң болса тырнар» — деп хауыптенгендей, төрт аяғын қысатын да, тістеуік аң болса, аузын қысатын; әбден өзін хауысыздандырып алмай, аңға ауыз салмайтын, ал, ыңғайына келіп алған соң, қай жеріне тұмсығы тисе де, ойып жұлып алатын; жұлуға мұның аузы қасқырдан кем емес» — дейтін әкесі.

Ыңғайына келтірсе, бүркіттің өзін де сөйтетінін білген Кенжетай, «сол уяға қонбай тұрып өзім ыңғай алып алайын» деп ойлады да, сол қолымен, бүркіттің бөтеге тұсындағы қанатын қапсыра ұстады да, оң қолына кездігін алып, бүркіт қона бергенде, бөтегесіне сұғып алуға қамданды. Оның әкесінің айтқаны рас екен, ұшып келе жатқан бүркіт, тұяғын қыса бергеннен басқа қару істей алмайды екен. Кенжетай қыймылын үдеткенде де, төс қапаттарын қапсыра ұстағанда да, ол шар-шар еткеннен басқа қайрат көрсетпей, тұяғы ма дегендей Кенжетайдың қолында жарқыраған кездікке жалтаң-жалтаң қарай берді. Сондары ойы—уяға қона бере, ең алдымен осы бір жарқылдағанды баса қою.

Бұл бүркіттің уясын осынша биікке салған себебі талай балапанын төменде адамға алдырғандықтан еді, бір баласы Жайлаубайдың да қолына түскен. Содан запы болған ана, ең биік шыңнан, бұдан бұрын да талай қыран қоныстаған осы бір қуысты тауып, содан уя салған. Уяның жоғарғы жағында, бес-алты арқан зорға жететін, тіп-тік шың, етегінде, жүз арқан жалғаса жетпейтін, тіп-тік құз, одан ұшпаған балапан домаласа, еті түгіл, сүйегі де қалмайды. Соны білген ана, балапандары қашаң қанаттанғанша, уя ішіндегі бір берікке сыйрақтарынан жылқының қылымен байлап қоятын еді.

Аң алғанда уябасар, мүмкін болса тірі әкеп, уяда ыңғайына келтіріп бүріп ап, содан кейін, балапандарының қасына сүйреп апарып, соларға тірідей жұлғызып баулыттын, осалдау аңды өздерінің еркіне беріп, өзі аулақта қарауылдап қана отыратын.

Қазақ арыстанды мақтап, ит пен шошқаны жамандаған да, — «арыстан егіз, ит сегіз, шошқа тоғыз» табады дейді ғой, сол сыяқты, құстың арыстаны — бүркіт те, екі-ақ жұмыртқа салса, мына бүркіт, көбінесе, екеу емес, бір ғана салатынды. Быйыл оның жалқы салған жылы.

Бұл жолы әкеле жатқанының көзі өзге олжаларынан өткір екенін алдақашан байқаған бүркіт, уясына жақындай тіпті бәсеңдеп ұшты да, қатты бір саңқ етіп, баяулап келіп бір кең қуысқа кірді. Бұл қуыстан құлап кетпесіне көзі жеткен бала, бүркіт қонып үлгірмей, кездікті бөтегесіне сұғып келіп қалды. Кездік бөтегеге дәл шаншылып, бүркіт содан құлады ма, әлде өзі қонды ма, — ол арасың бала аңғара алмады... Шарылдай қалған бүркіт кедір-бүдір бір-

деменің үстіне жалп еткенде, бала Ыңқ етті...

Расында, бүркіттің жемсауына кездік еркін кіріп, талықсып құлаған еді. Бірақ, өштескеніне өлмей кегін жібермейтін қайсар мұндар, ауыр жарасына қарамай, денесі жерге тие, Кенжетайдың пышақты қолымен, тыпырлаған екі аяғын бүріп үлгірді. Содан кейін ол Кенжетайдың бет аузын паршалау мақсатымен екі-үш рет ұмтылса да, ішкі сарайының әлі кеткендіктен тістей алмай, қылжыя құлады.

Жан ашуы ма, әлде, соңғы өршеленуі ме, — денесі қылжыйып аузынан әл кеткен мен, аяқтарының қысуы қатайып, бүрген жерлерінің сүйегін сындырып барады.

Жаны ышқыған Кенжетай, «әже» деп бір бақырып қалды да, жан-дәрменде, кездікті бос жүрген сол қолына алып, бүркіттің қолын бүрген аяғының сіңірін осып келіп жіберді. Қысқан тұяқтар босап кетті. Ол екінші аяқты да сіңірін қыйды.

Бүркіт өлгенмен, зілдей ауыр-ақ екен, баса жатқан оның астынан Кенжетай тырысып әрең шықты.

Бұл кезде, батысқа қарай еңкейген күннің сәулесі, Кенжетай тұрған қуысқа бір қырылдап келіп түскендіктен, қуыс іші жарық екен. «Мұнда не бар екен», — дегендей, үрейлі кескінмен, бала айнала қараса, кеңдігі үлкен бөлмедей қуыс. Бір бұрышта аумағы кең қазандай уяда, әлденеменеге арқандалғандай, талпынып ақ-үрпік жалғыз балапан отыр. Одан басқа жанды махлұқ бұл қуыста сезілмейді. Қуыстың дымқос іші сасықтау. Кейі қуарған, кейі сарғайған, кейі қап-жыныған әлі арылмаған, арсыған



бірсыпра сүйектер, әлде нелердің тұяқтары, мүйіздері, бүрқыраған жүн-жұрқа, тері-терсектері жатыр. Жүрегі лоблып, буыны қалтыраған бала, осылардың бәріне жаутандап аз тұрған соң, бойын бекітіп аралап көрді. Сонда, өзі таныттын махлұқтардың сілімтігінен көргені, арқардың да, бұғының да, елік, киіктің де, қасқыр, түлкінің де, басқа ұсақ аңдар мен малдардың да, жыланның да жұрнақтары бар екен. Не деген қорқыныш. Соның бәрін әкеп жүрген, не деген мықты құс. Ақыры бір баладан қаза тапты.

Бала қуысты аз қыдырды да, талпынған балапанның қасына барды. Манадан оны жеуді дәме қып тұрған балапан, батыл төніп келе жатқан Кенжетайдан сескенгендей, шарылдап шегінейін деп еді.

— Бопам, бопам, кәл-кәл, — деді Кенжетай әкесінің бүркіт шақыратын сөздерін қолданып, — қорықпа менен. Мен саған тимеймін.

Бала балапанға рас тимеді. Ол онымен аз күнде үйір боп алды. Екеуінің қорегі, — өлген бүркіттің еті ғана, о да көкей жасық екен. Әйткенмен, басқа қорек жоғын көрген бала, өлген құстың етін өзі де үнемдеп жеуге тырысты, балапанға да үнемдеп берді.

Бүркіттің еті екеуіне бірнеше күнге ғана жетті. Ол таусылғаннан кейін, тағы бірнеше күн ашықса да, бала қолына қондырып, баулып алған балапанды союға қыймады.

Не істеу керек? Үңгірдің алды түпсіз күз, жан-жағы шыңырау шың. Алда белестеген бір биіктер көрінеді, оларға ауылдың алыс, жақынын бала білмейді. Әкесі іздеп келер деп дәмеленгенмен, оған шейін аштан өлем деп қорқады.

Бір күні қарны ашып, өзегі талған бала, «мен сені жемейін, сен мені жеме, аштан өлсек бірге өлейік» деген сертпен, балапанды өзіне жете алмастай ғып байлап, өзі бір қуыста бүктетіле әлсіз үнмен «әже» деп жылап жатыр еді, құлағына адамның күбірі сап ете қалды. Ол қуағаннан, орнынан атып тұра, сүріне-қабына үңгірдің аузына жетсе, арқанға салбыраған біреу түсіп келеді екен, бала танып кетті де:

— Аға, Әміржан, — деді бар даусымен.

— Кенжетай қалқам, — деді ол аяғын ұяның ернеуіне тигізе беріп.

— Жайлеке, — деп айғай салды Әміржан, Кенжетайды бауырына басып тұрып.

— О-ау, деген әкесінің таныс дауысы естілді Кенжетайға.

Састы ма, әлсіреді ме, — Кенжетай әкесіне дыбыс бермеді.

— Кенжетай табылды, — деп дауыстады Әміржан, — шүйінші!

Сырттағы жұрт шуласып жатқанда, Әміржан Кенжетайға:

— Ал, қалқам, арқанға байлайын, көтеріл, — деп еді,

— Балапанымшы, — деді Кенжетай.

— Не балапан?

— Әне отыр, — деп Кенжетайдың қолын шошайтқан жағына Әміржан қарса, аш балапан шарылдап, аузын аша талпынып отыр екен.

— Ала кетейік, аға, — деді Кенжетай.

— Жарайды, қалқам.

Әміржан балапанды өз шапанына орап, Кен-

Мұхтар ӘУЕЗОВ,

Жазушы, Қазақ Ғылым Академиясының толық мүшесі.

## „Пионер“ журналына

«Пионер» журналының қайта шыға бастауына шың қуанамыз. Қазақтың жас жеткіншек талапкер, үміткер гүлдері өз тілінде, ана тілінде көркем тәрбие алмағы аса қымбат. «Пионер» әдебиеттен, көркем өнерден, ғылым білімнен, әлеумет саясат тірлігінен — баршасынан да өз оқушысына дән-дерек, нәр-қорек беріп тұрмақ.

Ақындық, артистікке, күйшілік, суретшілікке кішкентайдан баулып берсе нұр үстіне нұр екенін жұрттың бәрі біледі. Бірақ тек бұл салалар емес, ғылымға да жас жеткіншек өзін-өзі ерте күннен ұқыпты, ынталы етіп әзірлеп бейімдей бере алады. Сол аса қымбат, хажет те. «Пионер» журналы өзінің оқушыларын осы айтқандай келешектерге, социалистік ұлы отанының көрнекті азаматы ететін келешектерге әзірлеуші, дос көмекші болады, деп сенеміз. Журналдың оқушылары мен жас жазушылары арасынан сегіз қырлы, гүл-гүл жанған жас өнерпаздар көп шықсын. Кейін солар атақты асыл азамат боп пісіп, толған шақтарында өздерінің естегісін шолғанда: «Менің пәлендей ғылым адамы болуыма, менің пәлендей өнер адамы болуыма ең алғаш қозғау салып, ой талабымды оятқанның бірі «Пионер» журналы болып еді», — дейтін болсын. Журналдың осындай сапасы болсын. Жас оқушысына сүйікті қымбат дос болсын. «Пионердің» шығуына қуаныш білдірумен қатар, сондайлық талап қойып, сенім арттымыз.

М. Әуезов.

жетаймен екеуін арқанмен шырмай таңып, — оу, — деп айғай салды үңгір аузынан тысқа.

— Ә... деген жауап естілді сырттан.

— Тартыңдар.

Әміржан үңгірдің аузынан көтеріп шығарған таңулы бала мен балапанды жоғары жылжыта, арқан көтеріле берді...



# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қ. И. Сәтбаев,

*Қазақ Ғылым Академиясының Президенті.*

Балалар, 1946 жылдың бірінші июнь күні қазақ халқының тарихынан ерекше орын алатын күн болып қалады. Бұл күні сүйікті астанамыз Алматы қаласында тұңғыш Қазақ Ғылым Академиясы құрылды. Июньнің бірінен жетісіне дейін Қазақ Ғылым Академиясының I-құрылтай сессиясы болып өтті.

Ғылым Академиясы дегеніміз не?

Біздің заманымызға дейінгі дәуірдің IV-ғасырының соңғы кезінде ескі Грек елінде Платон деген атақты оқымысты болған. Оның түрлі ғылымдарды зерттеп дамытатын өз алдына мектебі болған, сол мектебін «академия» деп атаған. Содан бері «академия» деген сөз жер жүзіне тарап, ғылыми мекемелерді, кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарын «академия» деп атайтын болып кеткен. Бірте-бірте «академия» деген сөз кең ұғымға ие болды. Мәдениеті өсіп-өркендеген Еуропа елдерінің бірталайында XVI-XVII-ғасырларда ғылымның барлық тарауларын қамтытып олардың басын қосып, дамуына жол сілтеп отыратын ғылым ордалары — ғылым академиялары ашылды. Ресейде Ғылым Академиясы бірінші Петр патшаның тұсында, 1725 жылы ұйымдас- тырылды.

Академияны басқаруға ғалымдардан президент, вице-президент (президенттің орынбасары) сайланады. Ғылым Академиясының толық мүшелері, құрметті мүшелері, мүше-корреспонденттері болады.

Совет үкметі тұсында одақтық ұлт республикаларында да өз алдына академия, немесе



академияның филиалдары (бөлімшелері) ұйымдас- тырылды. Соның бірі болып 1932-жылы Қазақстанда Одақтық Ғылым Академиясының филиалы құрылды.

Ұлы орыс халқы, орыс ғалымдарының туыс қандық көмегінің арқасында, Ғылым Академиясының қазақ филиалы өзінің дара Ғылым Академиясы болып құрылу мерекесіне зор табыстармен келді. Қазір Қазақ Ғылым Академиясының 75 Ғылым докторы мен профессоры, 188 ғылым кандидаты мен доценті, 187 аспиранты бар. Бұлардың көбі қазақ халқынан шыққан оқымыстылар. Бұл, Ленин-Сталин партиясының ұлт саясатының табысы. Бұл—қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің шарықтап өскендігінің айқын белгісі.

Ғылым Академиясының қазақ филиалының қазақ Ғылым Академиясына айналдырылуы тек оның атын өзгерткендік емес. Бұл—Қазақстанда ғылымның сапасы жағынан ерекше алға басқандығы.

Балалар, бұл жаңа Академия — болашақтағы ғылым иесі сендердің академияларың. Сендер ғылымға жан-тәндерің мен беріліп, өздерінді ғылым адамы болуға бейімдей беруге тиіссіңдер. Өлке байлығын тексерудегі, ауа райын бақылаудағы, түрлі модельдер жасаудағы, әп-күй үйренудегі сендердің ұшқыр ақылдарың ғылымға көп пайда келтіреді. Адам қандай ғылым, қандай өнердің болса да қайраткері болуы үшін, оған жастайынан бой ұрып, машықтануы тиіс.

# Ұлт жоспары

## Тұрпалы Әңгіме

**Қалыбек Қуанышбаев,**

Қазақ ССР Халық артисі,  
СССР Одағы Жоғарғы  
Созетінің депутаты.

Сонау ерке Еділден Алтай тауларының биік шоқыларына дейін, Сибирьден Орта Азияға дейінгі кең аймаққа көз жіберейікші. Батысынан шығысына дейін 3000 километр, солтүстігінен оңтүстігіне дейін 1700 километрге созылған бұл кең өлкеде көріп көңіл толтыратын, айтып ауыз толтыратын алуан түрлі байлықтар бар. Бұл бай өлкені 26да жасы бар, сүйсінерлік даңқы бар, еңбек сүйген ежелден, қазақ деген халқы бар Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы қоныс етеді.

«Жері байдың — елі бай», — дейді халық мақалы. Қазақстан өзінің қазналы жерінің, дәулетті елінің тамаша байлығын мақтан етеді. Қазақстан Қарағандының көмірін, Қарт Кәспидің мұнайын, Жезқазған мен Қоныраттың мысын, Алтайдың алтыны мен күмісін, қорғасынын, даласы толғақ егінге, малы толған фермеге социалистік колхозды ауылын мақтан етеді.

Балалар, біз бүгін республикамыздың осы сарқылмас мол байлығы жайында қысқаша әңгімелейміз.

Быйылғы март айының 12 күні Москвада Кремль сарайының салтанатты зәулім залына еліміздің тандаулы адамдары — СССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттары жыйналды. Бұлар байтақ еліміздің әр жерінен, мұнда ең маңызды мәселені шешуге келді.

Біздер, депутаттар, дәл сағат 5ге залға келіп тегіс отырып болдық. Барлығымыздың да көзіміз президиум жақта. Сол жақтан біреуді асыға күтудеміз. Жүрегімізді қуаныш билеп, әлде неге ынтығамыз. Отырғандардың ішінде қаны бір, жаны бір, бір туысқан совет халықтарының барлық ұлтының өкілдері бар. Бірақ, олардың бірінен-бірі айырып алуға болмайды. Барлығының жүздері жарқын, барлығының жүрегі бір соғып, барлығының ойы, қиялы бір арнаға құяды.

Әлден уақыта кең залды қуаныштың тәтті үні кернеді. Отырғандар асыға күткен асылын орындарынан тұрып қошеметпен қарсы алды. Сталин жолдастың ақ жарқын жүзін, сүйкімді пішінін көргенде мен де екі алақанымның бір-біріне сарт-сұрт соғылып, бойымды қуаныш күші билеп алғанын сезбей де қалыппын.

Сессия ашылды.

Сессияда еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету туралы СССР Одағы Министрлер Советі жанындағы Жоспарлау Комиссиясының Председателі депутат Николай Алексеевич Вознесенский жолдас баяндама жасады. Бұл баяндама негізінде Сессия еліміздің халықшаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің 1946—1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заң қабылдады.

Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар туралы заң Советтер Одағындағы басқа одақтық Республикалар сыяқты, біздің Қазақстанның да қазіргіден де өркендеп, өсуін көздейді.



## Біздің күшіміз арта бермек

Балалар, біздің елімізде зеңбірек, танк, трактор, паровоз, автомобиль жасайтын ондаған көп заводтар бар. Осы заводтар жасаған соғыс машиналары ұлы отан соғысында немістерді талқандап, күлін көкке ұшырды. Ал, осы машиналардың барлығы металдардан жасалады.

Қай елдің машинасы көп болса, сол ел неғұрлым күшті болады. Біз Советтік Отанымыздың күшін арттыра беруге тиіспіз. Отанымызға қарсы келген жауға еселеп соққы беретін дәрежеге жеткізуіміз керек. Ол үшін машинаны көп жасап шығаруға тиіспіз. Біздің Қазақстанда машина жасауға керекті болат жана бесжылдықтың соңғы жылында 72 мың тонна мөлшерінде шығарылады.

Көмір дегеніміз, машиналар жасайтын заводтарға керекті отын. Қатты металдарды қамырша илеп, майдай ерітетін заводтарға көмірді көп беруіміз керек. Бұл көмірді біздің Қазақстандағы атақты Қарағанды, Ленгер, Бершүгір, Құрашасай, Мартук көмір кендерінде өндіреді. Қазақстанда көмір 1950 жылы 16 миллион 400 мың тонна өндірілетін болады.

Самолет, автомобиль, танк, қысқасы барлық машина мұнайсыз жүре алмайды. Сондықтан, мұнайды машинаның жаны деп атайды. Біздің Эмба мен Ақтөбе мұнай кендерінен өндіретін мұнай 1950 жылы 1 миллион 200 мың тоннаға жетеді.

Электр қуаты дегеніміз — өндіріс орындарының арқауы. Фабрикалар мен заводтардағы, шахталардағы күрделі машиналар электр қуатымен жұмыс істейді. Төртінші бесжылдықта Қазақстанда электр қуаты да мықтап артады. Атап айтқанда электр қуаты 1950 жылы 1 миллиард 810 миллион киловатт-сағатқа жеткізіледі. Бір киловатт-сағат электр қуаты бір күшті жұмысшының шамамен үш күнде істейтін жұмысын атқарады.

Жаңа бесжылдықта түсті металдар (алтын, күміс, мыс, қорғасын, қалайы т. б.) бұрынғыдан көп өндіріледі. Жоспар бойынша 1940 жылмен салыстырғанда Қазақстанда 1950 жылы мыс өнімі 2,6 есе, қорғасын 1,3 есе артық өндіріледі. Мырш өндіретін және электр қуатымен мыс қорытатын жаңа кәсіп орындары салынады. Шымкент қорғасын зауытының кен қоры нығайтылады. Жезқазған, Ертіс, Бозшакөл кендерінде 813 мың тонна мыс беретін кен қоры жасалады. Қаратауда молибден, вольфрам сыяқты сирек кездесетін кендерді өндіретін комбинат салынады.

### Республикамыз гүлденген үстіне гүлденеді

Сталиндік төртінші бесжылдықта соғыстан бүлінген шаруашылығымызды түзеп қана қоймай, оны соғыстан бұрынғы дәрежесінен асырып жібереміз. Қолхозды ауыл көркейген үстіне көркейіп, еліміздің ырысы молая береді.

Республикамызда егін көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 6,6 процент өседі. «Қазақстан еліміздің шығыстағы мал өсіру базасы», — деп Сталин жолдас айтқан. 1950 жылы Қазақстанда мал басы 25 миллион 358 мыңға жетеді.

Республикамызда тамақ өнеркәсібі мықтап артады. 200 май заводтары салынады. Алматыда ет-консерві комбинаты, Ақмолада, Гурьевте, Көкшетау да, Қызылорда да, Жамбылда, Өскеменде ет комбинаттары салынады.

Республикамыздың байтақ даласында ор қояндай орғытып паровоздар жүйткіді. Бұрынғы темір жолдардан басқа, жаңадан 956 километр темір жол салынады. Жаңа бесжылдықтағы ірі темір жол құрылысының бірі — Мойынты-Шу



темір жолы... Бұл жол Алматы, Балхаш, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын байланыстыратын болады. Қарағандының көмірі мен металын республикамыздың оңтүстік облыстарына жеткізуде бұл жолдың маңызы күшті болмақ.

## Ғылым мен мәдениет шыңы

Сендер, ата-анаңыздан, немесе қарттардан сұрасаңыздар, олар өздерінің жас кезінде оқый алмағандығын, бірде-бір мектеп болмағанын, қара танымай көздерінің қараңғы болғанын, кино, театр дегендердің не екенін білмегендіктерін айтып береді.

Тек Совет үкметі тұсында ғана халқымыз көп оқып білім алуға, мәдениетке қолы жетті. Қазір Қазақстанда 25 жоғары дәрежелі оқу орны, 7760 орта, орталау және бастауыш мектептер бар. Бұл мектептерде 744 мың бала оқыйды.

Жаңа бесжылдықта басқа одақтық республикалардағы сияқты біздің Қазақстанда да оқу орындары бұрынғысынан анағұрлым көбейеді. Жаңадан 39 орта мектеп салынады. 1950 жылы республикамызда оқушылардың саны 1.130 мың адамға жетеді.

Жуықта қазақ халқының мақтанышы, республикамыздың ғылым ордасы — Қазақтың Ғылым Академиясы ашылды.

Ұлы көсеміміз Сталин жолдастың өзі балалардың дені сау, жақсы болып өсуіне, еркін білім алуына әр уақытта да аталық қамқорлық жасап отырады. Жазғы демалыс кезінде жүз мыңдаған оқушы-пионерлер лагерьде көңілді дем алатын болады.



## Өмірдің болашағы-сендердікі

Қазір сендердің жас қыялдарың әр алуан. Біреулерің мектепті бітіріп инженер болуды, біреулерің ұшқыш болуды, біреулерің конструктор болуды ойлайсындар. Сендердің бірталайың бұл ойларыңды енді бес жылдан кейін орындайсындар. 1950 жылдың июнь айында сендер орта мектепті бітіріп, таңдаған мамандықтарыңа жетуге ерік аласындар. Сендерді бақытты өмір жылы құшағын жайып қарсы алады.

Балалар, сендер бақытты өмірді, гүлденген шаруашылығымызды көріп қана қоюшы емессіңдер. Сүйікті Отанымызды гүлденген үстіне гүлдендіре беруші, еліміздің күш-қуатын арттыра беруші сендер.

Сендердің өмірге пайдалы, социалистік құрылысымызға белсене қатынасатын саналы азамат болып өсуіңізге партия мен үкмет, Сталин жолдас мүмкіндік жасап отыр. Осы аталық қамқорлықты пайдалана біліңдер.

Сендердің білім шыңына еркін өрлеуіңізге барлық жол ашық. Оқый беріңдер, білім жемісін ала біліңдер. Білімді, табанды болып өсіңдер, жас ұрпақтар. Сендерден осыны күтеді туған Отан.



# Күміс Емолық

## ЧЕМПИОН

Ақылдасып болғаннан кейін, бұл міндеттемені орындау тек Чемпионның қолынан келеді — деген қортындыға келісті.

Штаб бастығы Чемпионды шақыртты. Бір минуттай уақыт өткеннен кейін Чемпион партизан отряды жыйналып тұрған үңгірге келді.

Чемпион — деп аталып кеткен Саша Голубенко, суға жүзу әдісінің барлық түрін білетін еді. Оның мақсаты — суға жүзуден жер жүзілік рекорд жасау болатын.

— Ал, Чемпион, сен бізді жер жүзі таңқалғандай етін көрсетуіңе тура келіп тұр, — деді, күле сөйлеп, партизан отрядының командирі.

Әскери теңізшілерше:

— Орындайым, — деді қарттың сөзін мақұлдап Чемпион. Жағдай былай болған еді: Немістер теңіздің жағалауына аэродромдарын орнатты. Сол аэродромнан шыққан жау бомбардировщигі біздің майданға бомбы тастайтын еді. Совет авиациясы жаудың жанар май құйған цистерналарын әлденеше рет талқандағаннан кейін олар цистерналарын су астында ұстайтын болған. Немістер газ тұратын газгольдер дейтін ыдыстың ішін газға толтырып, теңіздің астына түсіріп, оны аэродромға жасалған түтікпенен жалғастыратын болған.

Біздің авиация осы аэродромды құрту үшін теңіздің астына барып жарылатын бомбаларды көп тастады. Бірақ та газгольдердің қайда екені әлі белгісіз еді.

Жоғарыда айтылып кеткен қарт бастаған

партизан отряды кілең жүзгіштер мен балықшылардан құралған еді. Олар майдандары совет бомбардировщиктерінің бүгін түнгі сағат 3те теңіз астындағы бензин сақтағыш ыдысты жою үшін бомбы тастайтынын естін, майданнан: қайтсе де газгольдер тұрған жерді біліп, совет бомбардировщигіне отпен белгі беру керек деген бұйрық алды. Қарт бұйрықты оқып, оны қалай орындау керектігін ойлады. Себебі бұл өте қиын, өте күрделі міндеттеме еді. Ол, мұнай құйылған ыдыс жатқан жер — теңіздің түбі осы партизан отряды тұрған жерден 10 шақырым, ал немістер тұрған жағадан 500 метрдей жерде еді. Келетін бомбардировщиктерге от жағып, белгі беру керек. Отты дұшпанның нақ жаңында тұрып, совет бомбардировщигі келгенше жағып қою деген оңай ма?

Бұйрық алғаннан кейін қайтсе де орындауы керек. Сондықтан партизандар ақылдасып, былай істемекші болды. Ол үшін қалтаға салатын электр фонарін тауып алып, оның жарығын немістер байқамас үшін, жарық жап-жаққа тарамай, тек жоғарыдан көрінетін конустың ішіне орнатпақшы болды. Енді тек қана теңізді жүзіп өтіп фонарьды цистернаның судан қылтағын көрініп тұратын жерінде ұстау керек болды.

Жыйналған партизандарға осылай айтып болып:

— Осыдан басқа не істей аламыз, деді командир қарт. Осы жолдың дұрыс екенін мақұлдап Чемпион:

— Ламанш бұғазын да жүзіп өтушілер болған — дегенде оның түрі қансыз, сұп-сұр болып кетті.

— Ламанштың ол шетімен бұл шеті қанша шақырым, — деді командир.

— 40 шақырым.

— Сен, қанша шақырым жүзесің?

Чемпион төмен қарап, қызара түсіп:

— 12 шақырым жүземін... деді.



Сәбит МҰҚАНОВ,

жазушы.

## „Пионер” журналына

Ұлы Отан соғысының салдарынан жабылып қалған «Пионер» журналының қайтадан шыға бастауы аса қуанышты оқыйға. Олай дейтін себебім, расын айту керек, қазақ тілінде балалар әдебиеті жоқтың қасы. Соғыстан бұрын қазақ тілінде балаларға арналып «Октябрь Балалары» газеті мен «Пионер» журналы шығатын еді де, балалардың білімін көтеруге, көркем сезімін өркендетуге көп көмек беретін еді. Соғыс кезінде бұл екі баспасөздің тоқталуы, балалардың рухани өсуіне көп кедергі жасады. Енді, сол газет пен журнал қайтадан шығып отыр. Бұл — бір қуаныш болса, екіншіден — соғыс жылдары балалар қызығып оқыттын көп ерліктер туғызды; соғыстан кейін халқымыз жаңа қарқынмен, Сталиндік жаңа бесжылдықты орындауға кірісті. Осының бәрі, егер жазып бере алсақ, балаларға аса хажетті азық. Журнал сөз жоқ, алдына мұны программ етіп қояды. Журналдың шығуына қуанумен қатар, мен өзім, осы журналға үзбей жазып тұруды өзімнің борышым деп санаймын.

— 20 шақырым жүзу керек. Оған барып тағы қайта келу керек қой. Есептепті өзің. Чемпион ауыр күрсінді де көзін қарттан басқа жаққа аударып:

— Қайтуда бір нәрсе қылып қайтуға болады, онда асықпаймыз ғой — деді.

— Тоңбаймысың?

— Май берілсін деп бұйырсаңыз, Басымнан аяғыма дейін жаруға жеткілікті етіп берсін, жақсы қалың сылаған май, — су ішінде тоңнан да жылы болады. Сонымен қатар жылы арақтап бір термос, бар болса жарты килограмдай шоколад берсеңіз тіпті жақсы болар еді.. деді ақырыш, ғана Чемпион.

— Шоколад жағы қыйындау — тұздаған қыяр, каюста брынза бар, — деді қарт күрсінші.

— Жарамайды — деп, ол тамақтарға қарсы болды Чемпион.

— Сыйыр майы жарай ма. Кеше балалар әкеліп еді — деді қарт.

Чемпион қуаныш.

— Нағыз кереметі сол, — деді.

— Жақсы, жер жүзілік рекорд жаса Чемпион, — деп қарт оны жолға өзірлей бастады. Ол — Чемпионды шешіндіріп, оның денесін майлауға кірісті.

— Ал, Сапа, саған старт берілді, — деп қарт үсті басы май-май Чемпионды құшақтап тұрғанда өзінің киімдері де майға былғанып қалды.

Чемпион ауыр күрсінді де су болып қалмас үшін балықтың торсылдағына оралған электр фонаршасын беліне қыстырып, пышарын қайран алып, содан кейін ішінде арағы бар термосты және сыйыр майын алды. Ол терең ойлана түсті де керек болар деп — динамо-фонарын да қолына алды.

Сапа қарғып келіп, суға сүңгіді де кетті. Жағадап бірнеше метр барып шыққаны, қараңдап малтын бара жатқаны көрінді де, бірнеше минуттан кейін көздеп таса болды. Қарт судан көзін айырмай, құлағыш салып тұрса да, ештеңе көре алмады. Тек толқышның даусы ғана естіліп тұр еді.

Чемпион малтудың түрлерін өзгертіп отырды. Ол әрбір шақырым ілгері жылжыған сайын шалқасынан жатып бірнеше секунд демалып отырды. Дәл осы мезгілде қараңғы түн еді, жұлдыздар мен планеттер су ішінде жалғыз өзі кетіп бара жатқан жас баланың үстінде тербетіліп тұрған сыяқты. Чемпион өзінің қорқынышын жою үшін барлық дауысымен өлең айтқысы келді.

Ол әрең дегенде теңіздің батыс жағалауын көрді. Немістер, орналасқан жағаның алыстығы бір километрге жетер-жетпестей ғана қалған еді. Чемпион шаршап ентіге бастады. Бұлшық еттері қыймылдаудан бас тартты.

Чемпион шалқасынан жатып 3 минут демалды да 200 грамдай май, 100 грам арақ ішіп алып жылдамырақ малтуға тырысты. Үстіндегі майдан жасалған тоңының барған сайын жылуы қашып, тоңдырып дірілдете бастады...

Чемпион біресе оңға, біресе солға, біресе кейін жүрді. Себебі іздеп келе жатқаны осы маңда болуы керек. Бір мезгілде алдынан су үстінде қалқып жүрген, дүшпанның қойған белгісі көрінді.



Чемпионның жүрегі, ең алғаш көргенде, дүрсілден кетті де, одан кейін есін жыйын, қуана бастады. Оған енді торсылдақтың ішіндегі фонарьды қонустың ішіне қойып, совет бомбардировщигіне белгі беру керек.

Чемпион жоғары қарады. Қараңғы түнде жұлдыздан басқа ештеңе көрінбеді. Оны қараңғы түн құшағына алып тұр. Бір уақытта шығыс жақтағы жар көрініп, таңның белгісі білінді. Енді тезірек қыймылдау керек болды.

Чемпионға кенеттен жұмысын доғарып, өзінің тоңғанын да ұмытуға тура келді. Себебі толқып кедергі жасайды, — деген қорқынышты ой оған сап ете түсті. Толқын барған сайын күшейіп барады. Чемпион: егер бұл немістер қойған белгінің үстіне фонарін қадап қойса, толқынмен біресе төмен түсіп, біресе жоғары көтеріліп тұрған фонарьдың жарығын немістер көріп қояды. Сондықтан фонарьды күні бұрын жағуға болмайтын болды.

Нақ осы мезгілде жел бір түрілдеген дауысты естіртті... Біздің самолеттер бомбалау үшін ұшып келе жатыр. Аспанда прожектордың жарығы ойнай бастады. Төбеде атылған оқтың дауыстары естіледі. Самолеттер, Чемпионның келеді — деген уақытынан бұрын келді. Олар жоғары көтеріліп, бомбы тастауға дайындалып жүр.

Чемпион қонусты тастады да динамо-фонарьды қолға алды. Аспанда шыққан дүрсілге қарап, фонарьдың дауысында естіген жоқ. Фонарь ең жақсы жарықтарын жоғары жіберді. Динамо-фонарьдың клапанын қозғалтса, ол жақсы жарық беретіп болғандықтан, Чемпион оны біресе қысып, біресе босатып барлық жігерімен жарықты жақсы жіберуге тырысты. Барған сайын жарық күшейе бастады...

Самолет төбеде шыр-көбелек айналып ұшып жүрді. Ал, сол мезгілде су ішінде жүрген Чемпион фонарьдың клапанын қысумен болды.

Қараңғы түнде теңіз толқынының үстінен ноқаттай ғана от көрінеді. Бұл от Чемпионға өте үлкен болып көрініп, барлық теңізді, тіпті жер жүзін жарық қылып тұрғандай еді.


...Бір мезгілде аспанға атылған зор судың жиегі көрінді. Бұл қараңғы аспанды қақ жаратындай болып көрінді.

Содан кейін аспанға — жалындап от шашылды. Бұл теңіз астындағы дүшпанның бензин сақтайтын складының тас талқаны шыққанын білдірді.

Міне, сөйтіп Саша Голубенко жер жүзінде еш уақытта болып көрмеген таңқаларлық рекорд жасады.

Аударған Н. БАЙМУРАТОВА.





Тайыр ЖАРОКОВ.

Суреттерін жасаған Н. Ходжиков.

Алматыдан қашық емес,  
Каскеленнің ауданында,  
Тында, балалар, осы кеңес,  
Болған колхоз аумағында.

Жаз колхозда бақша-баулы,  
Төкең шалдың қолындағы,  
Жоңышқада арқандаулы,  
Ақ-боз бие құлындады.


Боз биеден жұмыр тұяқ,  
Келте күйрық құлын туды,  
Қара жалды, қамыс құлақ,  
Өзі сүп-сүр сұлу туды.

Құлын деп ед төзе алмады,  
Сегіз жасар Серік бала,  
Қызыққаннан көз алмады,  
Сүр құлынды көріп бала.

Төкең шалдың немересі,  
Серік бала бұл құлынды,  
— Менікі! деп кетіп есі,  
Иемденді сүр құлынды.

Бір айдан соң құлын тегі,  
Ойнақ салды күйрық атып.  
Түйілді ме әлде шегі,  
Өлді бие жамандатып.

Енесі жоқ, жетім құлын,  
Ойдан-қырға омыраулай,  
Кісінейді көрмей тыным,  
Даусы күміс қоңыраудай.



Үйренді тез сүр құлыншақ,  
Жоңышқаға арқандаған.  
Жанына тек Серік барса,  
Қара көзі жаутаңдаған.

Күтті Серік күн, түн қарап,  
Құлынға су, жем де тасып,  
Тарақпенен жалын тарап,  
Құлағының түбін қасып.

Аялдамай тез достасты,  
Сүр құлымен Серік бала.  
Ай айналмай аймаласты,  
Бір-біріне серік бола.

Суарып ап, сұлы беріп,  
Сауырына жабу жауып,  
Қысты күні оны Серік  
Тас қорада шықты бағып.

Қыс та өтті, туды көктем,  
Текті жаз да күн шуақты,  
Сүр құлыншақ Серік күткен,  
Көз таңдайтын тай боп шықты.

Қашса озып, қуса жеткен,  
Қоян жақты, Кең шықшытты.  
Тай күнінен бір жыл өткен,  
Сүр тай өсіп құнан шықты.

Мінсе Серік қуанады,  
Жал-күйрығын төгілдіріп,  
Сылап-сыйпап суарады,  
Көлге апарып шомылдырып.

Аққу құстай мойнын иіп,  
Қырын қарап, басын шұлғып,  
Жүрсе үстіне Серік мініп,  
Суып басады желше сырғып.

Тостағандай сауырының,  
Түгі сұлу күндыздайын.  
Омыраулы, бауыры кең,  
Шапса ағады жұлдыздайын.

Бас, арқасын жауыр етпей,  
Суытады мінсе күтіп,  
Устайтұғын көп мүдіртпей,  
Қсянды да қуса жетіп.



#### IV.

Серіктің сол сұр кұнаны,  
Бір жылдан соң донен шықты.  
Көргендерге сыны унады,  
Десті жүйрік өрен шықты.

Сұр дөненсіз баска жылқы,  
Колхоздың жай шаруасына  
Жетеді ғой деді жұрты,  
Риза боп тұлғасына.

Көп ұзамай май айының,  
Тойында үлкен бәйге болды  
Бұл бәйгеден қай ауылдың,  
Аты жүйрік әйгі болды.

Сол бәйгеде сұр дөненді,  
Он бір жасар Серік мініп,  
Талай жүйрік көп өренді,  
Шапты талмай көріп тұрып.

Кімнің аты келеді деп,  
Аз болған жоқ таласқан да.  
Сексен жүйрік шапты терлеп,  
Шықты жердің шаңы аспанға.

Бір мезгілде дүрмек шаңнан,  
Озып шықты жалғыз қара,  
Сұр дөненмен бәйгі алдынан,  
Серік бала келді дара.

#### V.

Бір күні бір комиссия,  
Серік тұрған бұл ауылға.  
Келді таңдап, салып сынға,  
Әскерлерге жылқы алуға.

Комиссия үш адамның,  
Келген бізге таныс бәрі.  
Погон таққан бірі ауданның  
Әскери бас комиссары.

Жылқы иріп кең далаға,  
Көзбен сүзіп, сынап тұрды.  
Кейі унамай таңдамаға,  
Қсыбір жылқы унап тұрды.

Бір мезгілде Серік келді,  
Сұр бестіні ойнақтатып,  
Жұрттың бәрі тұрып көрді,  
Кетті бірден көзді тартып.

Десті міне, нағыз тұлпар,  
Шапса құстай ер қанаты,  
Сұлулығы бейне сұңқар,  
Жетпес бұған аттың аты.



Сұр бестіні әскерге алды,  
Ат сымбаты кетті жағып,  
Жұрт Серікті құшақтады,  
Арқасынан құшып қағып.

Тәлім алсын, бала көрген,  
Жас Серіктен мүлтіксіз-ақ,  
Ерге қанат тұлпар берген,  
Атты бақсаң Серіктей бақ.

# Толмақ

Т. САҒЫМБАЕВ

Суреттерін жасаған Н. Ходжиков

Шешесі жуырда қайтыс болып, олар қазірде жеке қалып еді. Таңертеңнен басталған сылбыр жаңбыр тынатын емес. Оспан қайта-қайта үңіліп терезеден қарайды. Терезе көздері жауып суынан бусанып, бурыл тартқан секілді. Үй іші күңгірт. Пеш жанына сүйенген Асия көңілсіздеу. Жеті жастағы Күлән екі көзі жаудырап біресе терезе алдында тұрған Оспанның жанына, біресе пеш жанында тұрған Асияның қасына барады. Оспан он төрт жаста. Асия быйыл онға шығады. Бірақ, Күлән өзінің кішілігіне қарамай, Оспан мен Асияны жұбатпақшы, тіпті оларға ақыл үйретуден де тайынатын емес.

— Оспан, бүгін сен жұмысқа неге бармайсың. Бүгін үйде отырасың ғой, — деді Күлән.

— Я, отырамын, мына жауында қайда барамын, колхозшылардың бәрі де қазір үйлерінде, — деді Оспан салқып дауыспен.

— Мен үйде отырамын, тысқа шықсам есік алдында ойнаймын. Асия, сен су әкелгенде, мен от жарайын. Сонсоң Ескеннің апасы дөңгелек пісіріп береді. Сен пісіре алмайсың, ә?

— Я, бәрін сен істейсің. Тысқа шықсаң, сені іздеуге бір кісі керек.

— Апам маған айтқан: Асия су әкелсе, сен от жақ деген. Көп ойнама деген. Сонан соң, мен кеше көп ойнағым жоқ. Апам: әкең саған майданнан кара етік әкеп береді, — деген. Сендерге түк әкелмесе қайтесіндер?

— Күлән, тұра-тұршы, сөйлей бересің, — деді Оспан даусын көтеріп, ештеңені жақтырмай.

Асия да, Күлән да әлі кішкентай. Оспан ылғый жұмыста болады. Сонда олар жүдеп қалмай ма. Мұнда бір үй көшіп келсе, балаларға бас-кез болар еді. Бірақ онда үй, қорада тазалық болмайды. Енді бір аз күнде әкесі де армиядан қайтуы керек. Бақшаларын салып бітіруге айналды. Тұрсын көрші көмектесіп тұрса, басқа не керек.

Шешесі қайтыс болғаннан бері колхоздың комсомолецтері, пионерлері бұлардың үйін босатпай-

ды. Олар бақша салған күні мүлде көп келді. Бір колхозшының баласы күнде таңертең келіп, табынға сыйырды айдап қосады. Басқа бір үйдің балалары су әкеліседі. Колхоздың бастығы да күнде бір келіп кетеді. Олар келгенде Асия қуанып қалады.

— Асия, біздің үстімізге біреу көшіп келсе қайтеді. Әкем келгенше тұра берсін, — деді Оспан әлден уақытта бұрылып, Асияға жақындап.

— Кісінің керегі жоқ, әкем келгенде үйде бөтен кісілер болмағаны жақсы, — деді Асия.

— Неге, әкем ұрса ма, Аси, а Аси? — деп Күлән үйдің ішін шыр айнала бір қарап өтті.

— Сендер, біліңдер маған бәрі бір.

— Саған неге бәрі бір, Оспан, әкем онда ұрса ма?

— Неге ұрсады, ұрыспайды.

— Өзіміздің тұра бергеніміз де жақсы. Аси.





сей ойланшы, — деді Оспан екеуіне кезек қарап.

— Өзіміз неге тұра алмаймыз. Тұрсын көршіден нап салуды мен үйреніп қалдым. Шанның ашытқысы көтерілсін, қазір мен шайға пісірейін.

— Отты мен жағамын, үйді де сыпырамын. Аси, бұзауды далаға шығарайың ба? — деп Күлән терезенің алдына жүгіріп барды, — эне, жауын басылады!

— Әрине, сендер үйге не болсаңдар, әкем де келеді ғой, хатында тез қайтам деп жазды. Онда мен басқарма жаққа барып келейін. Күн ашылып қашты-ғой, жұмысқа шығатын шығармыз, — деп Оспан есікке қарай жүрді.

Оспан кеткен соң, Күлән бұзауды тысқа алып шығып, үйдің артына апарып арқандады. Күн бірден ашылып, торғайлар ағаш басына қонып, сайрай бастады. Далада ойнаған балалардың да айғайлаған, күлген дыбыстары да естіліп тұрды.

Аси бірдемеге асыққандай тез жүріп шай қойды. Бір жағынан нап илеуге де кірісті. «Әкем келгенде бізді жақсы көреді, бізге қуаналы», — деді ол ішінен. Бір уақытта ойына бірдеме түсіп кеткендей, жүгіріп тысқа шықты. Күлән үлкен адамша қораның ішін тазалап жүр екен. Сыйырдың астындағы қыйды аласынша кепелеп, бұрынғы жеріне мұптаздай етіп үйіпті.

— Қалқам Күлән, бұзауың оралып қалма-сын, — деді Аси Күләнға риза болғандай шыраймен.

— Аси, өзің көрші мен бұзауды қалай арқандадым, апам көрсеткендей...

Аси бұзауды барып көріп, жіпті қалай байлағанын қарап:

— Қалқам, күнде үстің байла, — деді.

Аси, тамақ ішкен соң кішкене ойнайын ба, бұзаудан ұзамаймын.

— Жарайды, қазір тамақ ішеміз, — деп Аси үйге кіріп кетті.

Бір аздан кейін ағайынды үш бала доңгелек үстелдің айналасында отырғанды, үйге Тұрсын көрші келіп кірді.

— А, шай ішіп жатыр екенсіңдер ғой, қалқам Аси, мынау напды өзің пісірдің бе? — деді Тұрсын напды жеп көріп.

— Біздің Аси, бәлекет, — деді Оспан күліп.

— Айналайын, адам, Күлән да адам болып қашты. Бұзауды тапжылтпайды, бағана қораның ішінде тазалап жүргенін көрдім, — деді Тұрсын Күләнді арқаға қағып.



Есік алдынан біреудің жүргені, дыбырлаған дауыстар естілді. Оспан асығыс тұрып, тез кінді.

— Жұмысқа бармақ едік. Тұрсын ана, біз үйге ешкімді кіргізбесек дейміз. Өзіміз де тұра аламыз ғой. Жалғыз-ақ, күзді күні бәріміз оқуға барғанда болмаса, быйыл Күлән мектепке түсу керек, — деді Оспан есіктен шығуға айналып, бұрылып тұрып.

— Оған дейін әкең де келсең қалқам, өздерің тұра беріңдер өзім қастарындамын, ғой.

— Әкем келеді, маған етік әкеледі. Сыйырды да өзім айдап келемін, бұзауды да өзім бағамын. Е, қораны да өзім тазалаймын. Оспан, мен мектепке барсам, үйде кім қалады, а, — деді Күлән өзінен өзі қуанып, орнынан ұшып тұрып.

— Жігіт, жігіт болды деген осы, — деді Тұрсын қатты күліп. Оспан да, Аси да күлді. Күлән түсіп суытып, бір қолын мықынына тіреп тұрды да, жымыйып күлді, өзінше бір мықты сөз айтып, мықты көрініс жасадым дегендей мақтанып ойына келіп.



# Біздің Сөзінше

## ДОСТЫҚ

Ж. ҚОНАҚБАЕВ.

Бір перделі үш суретті сценарий.

### ОЙЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР:

Огнев — Партизан отрядының командирі, 41 жаста.  
Болатұлы — Партизан отрядының барлаушысы, 27 жаста.  
Петя — Пионер отрядының вожатыйы, 14 жаста.  
Зоя — Пионер отрядының санитаркасы, 13 жаста.  
Коля — Пионер.  
Сережа — Телефонист пионер, 12 жаста. 1 — неміс солдаты, 2 — солдаты.

### I-СУРЕТ

Түн. Оқыйға майданға жуық бір кішкентай қыстақтың маңында болады. Шымылдық ашыларда Огнев пен Болатұлы жер бауырлап қалың бұтаның арасынан біріне-бірі қарсы шығады.

Огнев — (сыбырлап) Бұл кім?

Болатұлы — Мен, өзіміз.

Огнев — Байқа, тағыда шығып қалдың.

Болатұлы — Солай, жолдас командир. Мықтап адастың.

Огнев — Солай болды. Қай жерге дейін бардың?

Болатұлы — Көпірге дейін.

Огнев — Ештеңе бітіре алмадың ба?

Болатұлы — Бер жақтағы күзетте тұрған неміс солдатын суға торыттым. Көпірге мина қойылды, жолдас командир.

Огнев — Фрицті неге тірідей әкелмедің? Ол судан жүзіп шығып кетеді ғой.

Болатұлы — Шыға алмайды. Мен оны желкеден автоматтың дүмімен сілестіре қойып қалдым. Ол өзенге сырт айналып барып құлап түсті. (Атылған мылтық пен зуылдаған снаряд үні естіледі. Екеуі бұға қалады).

Огнев — Міне, тағыда басталды. Бұл жерден қоныс ауыстырған жөн болар.

Болатұлы — Енді қалай жүреміз? Орманды шарлап жүрген немістер. Тым болмаса бір оқ та қалған жоқ.

Огнев — Оқ деген сөз бе! Аңдысқанды оқ еш уақытта да ала алмайды. Мұндай жағдайда айла, тәсіл өнер асырған алар. Қане, маған ере бер. (Екеуі еңбектеп жүре бергенде, қарсы бұтаның арасынан еңбектеп Петя, Зоя, Коля шығады. Огнев пен Болатұлы жасырынып қалады).

Петя — (Ымдап сөйлеп) Абайлап жүріңдер. (Огнев пен Болатұлы жасырынған бұтаны көрсетіп) Осы жер тегін жер емес. Мұндай жерде өте сақ болу керек.

Зоя — (Петяға). Жолдас командир, енді қайда барамыз. (Атылған автоматтың үні естіледі).

Коля — (Зояның аузын басып) Сабыр ет! (жан-жағына қарап қойып) Фрицтер таяуда жүр.

Петя — (Оларды жігерлендіре) Фриц жүрсе қайтеміз. Жүре берейін. Шп басынан қорқатын қоян болыпсыз ба біз. Коля, қане, қарға болып көр. Сережа неге кешігіп жатыр.





**К о л я** — (Екі алақанымен аузын басып) қарқ-қарқ, Се-го-жа, Се-го-жа, Се-го-жа.  
Қарқ-қарқ.

**П е т я** — (Коляны арқадан қағып) Болады, енді тыңдап көр. (бәрі құлағын қалқалап тыңдайды) Қандай тамаша естіледі. Құтты көкектің өзі дер-ау немістер оны.

**Д а у ы с** — Ку-ку, ку-ку, Коль-ка-у. Коль-ка-у.

**К о л я** — Қарқ, қарқ, қарқ.

**П е т я** — (Коляны ыйырынап түртіп) Фриц. (бәрі жата қалады. Неміс солдаты келіп олардың алдындары тасқа отырады).

**Н е м і с с о л д а т ы** — Міне, орыстың колбасасы. Саған енді колбаса қайда. Сен енді колбасаның орнына Тула заводының снарядын қабарсын. (қарқылдап күліп) Тісіңе жұмсақ тиер. (автоматын қойып газет оқыйды) Орыстар Минскіге жақындап қалды. Солай солай.

**П е т я** — (Бұтаның арасынан сығалап) солай, сен бұнан бұрын Туланың снарядын асамай жүрген боларсың! (Коляға), Коля, мұны өлтірмей тірідей ұстайық. Арқанның ұшын ұстаңдар. Мен мұның мойнына тұзақ салайын.

**К о л я** — (Өтініп сұрап) Жолдас командир, маған рұхсат етіңіз.

**П е т я** — Солдат командирдің тілін алар болар. Ұста.

**К о л я** — Күп, жолдас командир. (Зоя екеуі арқанның ұшын ұстайды).

**П е т я** — Міне, саған колбаса. (Арқанның ілмегін солдаттың мойнына іліп тартып қалады. Солдат шалқасынан түседі). Міне, саған қолбаса. (Солдатты сүйреп бұтаның ішіне кіргізеді).

**К о л я** — (Жүгіріп келіп, автоматты алып) автомат! енді зепбірекке қарсы шығуға болады. (Бұтаның арасына барып жасырынады).

Ш ы м ы л д ы қ

## II—СУРЕТ

Қалың орман, бұталы жер, ағаштың түбінде неміс күзетшісі тұр. Ол анда-санда қарауылдап қояды.

**С о л д а т** — Міне, орыстың баласына дейін батыр келеді. Коменданттың мәлімдемесі бойынша кеше күні олар екі—үш солдатты өлтірген. (Өзіне) Я, солай, ол солдаттарды орыс балалары өлтірген. (Кеудесін көтеріп). Берік бол, солдаттым. Сен—неміс армиясының арыстанысың. (Сережа шығады).

**С е р е ж а** — (Солдатты аңдамай) Ку—ку, ку—ку, ку—ку.

**Д а у ы с** — (Сырттан) қарқ, қарқ, қарқ.

**С о л д а т** — (Барып Сережаның құлағынап тартып) Ә, сенде мені өлтірейін деп жүрсіңбе. Ә, бәлем түстің бе қолға.

**С е р е ж а** — (Тауық болып) ку—ку, ку—ку, —ку, ку—ка—ри—куку.

**С о л д а т** — Мен саған кукарды көрсетермін.

**С е р е ж а** — (Алдаусыратып) айтыңызшы «ағатай» ол қайда жүр, шешем ұстал әкелсең, қуырып берейін деп еді.

**С о л д а т** — Нені қуырып береді?

**С е р е ж а** — Қара тауықты айтамын. (Алдап) Ә, ана жүрген сол екен ғой. (Солдат бұрылып қарай бергенде Сережа қаша жөнеледі. Солдат аңырып тұрып қалады).

**С о л д а т** — Міне, бұлар қандай пысық келеді. Мені бойы биік түйе сыяқты алдады да кетті. (Неміс солдаттың киімін киген Петя шығады).

**П е т я** — Сен оны неге босаттың? Оберлейтенант көріп қойса қайтер едің?

**С о л д а т** — (Сасқалақтап) оның өзі қашып кетті.

**П е т я** — Неге жібердің? (бұйырып) Қәне, алдыма түс. Сөң азғыңсың. Штабка анарам сені. (Солдат қол көтеріп алға түседі. Шыға бергенде автомат үні естіледі. Бір аздап кейін шашы дуда-дуда, оңі қашқан Болатұлы шығады. Алдынан Петя қарсы шығады).

**П е т я** — (Аңырып) Сөймеңіз. Қайдан жүрсіз?

**Б о л а т ұ л ы** — Партизан.

**П е т я** — Кімді білесіз?

**Б о л а т ұ л ы** — Отанды ғана, Сталинді ғана білемін.

**Петя:**—Оларды мен де білемін. Ұлтыңыз кім?

**Болатұлы:**—Қара орыс.

**Петя:**—Қалжыңдамаңыз, уақытым тар, тез айтыңыз. Ұлтыңыз кім? (жағасынай қызыл галустігін көрсетіп) Пионермін—сеніңіз.

**Болатұлы:**—(Петяны құшақтай) Қазақтың, бауырым, қазақтың.

**Петя:**—(Сынау үшін) ендеше тыңдаңыз:

«Жігіт болып, өс жылдам.

Өмірге жассын сен керек.

Пионер және комсомол.

Баласың өсіп жас бөбек.

Комсомолдан өскен соң,

Боласың жігіт—большевик».

Қане, айтыңызшы, бұл өлеңді жазған кім?

**Болатұлы:**—Мұны жазған Жамбыл Жабаев (желпіне) қария. Алатаудың бауырында өскен алыбым.

**Петя:**—Ендеше сабыр етіңіз, ағасы. Фрицше қолыңызды артыңызға ұстаңыз. Мен сізді айдап бара жатқан болайын. Немістерге әлі талай өнерді көрсетерміз.

**Болатұлы:**—Мақұл, бауырым. Жүрдік. (Шығады).

### Ш ы м ы л д ы қ

### III—СУРЕТ

Түн. Коля мен Зоя ағаштың қалқасында от басында отыр. Аузына орамал тығылған, қолаяғы байлаулы ішкі киімімен неміс солдаты жатыр.

**Зоя:**—(Коляға). Ал, Колятай тағыда бір қарқымдап қойшы. (Көзін қысып) Қара қарғалар ашулашып қасымызға келмес пе екен.

**Коля:**—(Әдеті бойынша) қарқ, қарқ.

**Дауыс:**—Ку—ку, ку—ку, ку—ку.

**Зоя:**—(Қалжыңдап) Тіпті көкекті де оятып жібердің ғой деймін. (Сақылдап күледі).

**Коля:**—(Зояның аузын басып) ту, сен абайламайды екенсің ғой.

**Зоя:**—(Неміс солдатты көрсетіп) оныда Петя командир келеді де, мынау солдат сыяқты байлап алады. (Неміс солдатты аунап түседі).

**Коля:**—(Жанында жатқан кесек тасты алып оқталып) Фриц, жай жат. Некеңе қойып қалармын. (Бұта сымдыр ете қалады. Зоя мен Коля жасырына қалады).

**Зоя:**—(Сыбырлап) Солдат, жай жат. Орыс келеді. (Солдат бұлқынады. Огнев шығады, отты көріп кідіріп қалады).

**Коля:**—(Елтеп қарайды, Зояға қолын былғап) Зоя өзіміздің кісі, өзіміздікі.

**Зоя:**—Сен қайдан білдің.

**Коля:**—Папам мен осы кісі бір түні біздікіне келіп кеткен. Таныймын. Жүр барайық.

**Коля:**—(Жақындап келіп) Есенсіз бе? (Салют беріп амандасады).

**Огнев:**—(Жалт бұрылып) Есенбіз. (Кұшағын жайып) балапандар, ұрпақтар. Келіңдер бері, міне жүрегім. (Кұшақтап беттерінен сүйеді) Қайдан жүрсіңдер?

**Коля:**—Партизандармыз.

**Зоя:**—Мен санитарқамын.

**Огнев:**—(Коляға қалжыңдап) Ал, сенші?

**Коля:**—Менде жай емеспін. Тындап тұрыңыз. (Әдеті бойынша) қарқ, қарқ, қарқ.

**Дауыс:**—Ку—ку, ку—ку, ку—ку, (жақындай береді).

**Зоя:**—(Куанышымен) Келе жатыр!

**Огнев:**—Ол кім?

**Коля:**—Сережа ше?

**Огнев:**—Сережа. Ол кім, қайдан келеді?

**Зоя:**—Ол біздің отрядтың телефоншысы.

**Огнев:**—(Таңдана) Сіздің отрядтың? Сендер көпсіңдерме? Не істейсіңдер?

**Коля:**—(Мақтап) фрицтерге өлім шақырамыз. (Солдатты көрсетеді).





**Огнев:**—Мұны тұсап тастаған сендер ме?

**Коля:**—Біз.

**Огнев:**—(Екеуін бірдей тік көтеріп) жарайсыңдар, жігітсіңдер. (солдатқа жақындайды) Жөн сұрауға болатын шығар.

**Зоя:**—Командир рұхсат етпейді.

**Огнев:**—Ол кім?

**Зоя:**—Петя ше.

**Огнев:**—Петя? (тоқтап қалады) дұрыс-ақ, балапаңдар, командирді күтелік. (Сереза келеді).

**Зоя:**—(Мақтана таныстырып) Міне, Сереза. Ал, сөйлей бер.

**Огнев:**—(Қолын беріп) Огнев.

**Сереза:**—Петя бастаған отрядтың телефоншы жауынгері Сереза. (Қолын ұсынады).

**Огнев:**—Қалай телефоның жұмыс істей ме?

**Сереза:**—Істейді. Бірақ, командиріміз келгенше күтесіз.

**Огнев:**—(Мақұлдап) дұрыс. Жолдас Сереза, командирі күтелік. (Атылған мылтықтың үні шығады, бұлар жасырына қалады. Оқ тиіп жаралы болған Болатұлын сүйемелеп Петя шығады).

**Болатұлы:**—Мені қалдырып жүре бер, бауырым. Фрицтердің қолына түсіп қаларсың.

**Петя:**—Міне келдік. Сабыр етіңіз.

**Болатұлы:**—(Жігерлене, есін жыйнап, алға ұмтыла) Келдік. қайда келдік?

**Петя:**—(Зояға) санитарка, тез, подыңды әкел! (бәрі Болатұлын қоршайды).

**Зоя:**—Ештеңе де болмайды. Өз қолымызбен емдеп жазып аламыз.

**Сереза:**—(Петяға) жолдас командир, телефонға.

**Петя:**—(Трупканы алып) Алло. Тыңдап тұрған мен. Огнев дейсіз бе? Мен ондай кісімен кездескенім жоқ. Іздеңдер? Болады, жолдас полковник (трупканы қоя салады. Сереза, Коля, Зоя үшеуі Болатұлын сүйемелеп, өз ара сөйлесіп отырады).

**Огнев:**—(Петяға) жолдас командир, Огнев дейсіз бе? Ол мен ғой.

**Петя:**—(Огневке салют беріп) жолдас партизан отрядының командирі, пионер отрядының вожатыңы Петя. (қолын ұсынады).

**Огнев:**—(Петяның қолын алып, құшақтап бетінен сүйіп) Қанағым, (бәріне) қанаттарым, жарайсыңдар, жарайсыңдар!

**Петя:**—(Солдатты көрсетіп) орманнан сорып алған жыртқыштың бірі мынау жатқан Таныстыңыз ба?

**Огнев:**—Жоқ, жолдас командир, (қалжындап арқасынан қағады) Сіздің рұхсатыңыз керек болды.

**Петя:**—Танысыңыз, (солдаттың аузындағы орамалды тартады) алынбайды ғой. Өліп қалған ба?

**Сереза:**—(Петяға трупканы ұсынып) жолдас командир, телефонға.

**Петя:**—(Тыңдап) жолдас полковник, Огнев табылды. Трупканы береміз.

**Огнев:**—(Трупканы алып) Вася, сенбісің. Амансыңба. И, я біз де аманбыз. Ештеңе Болатұлы жаралы болды. Қазір шабуылға шығамыз дейсіңдер ме? Бізде шығамыз. Мылтық жоқ. Автомат оры аз.

**Петя:**—(Огневке) екі лента автомат оғы бар.

**Огнев:**—Ғапу, ет, Вася. Мұнда автомат оғыда бар дейді Петя. Ал күттік. Сау бол (Трупканы қоя салады) Қазір келеді қырандар.

**Болатұлы:**—(Есін жыйып, басын көтереді) Келеді? Кім келеді? Кім келеді? Сүйендер, бауырлар. (жанталаса, орнынан тұрады) Сүйеміз, сендерді мәңгі, сүйемін ұлы халықтың ұрпақтары. (Огневке) бастай бер, командир.

**Огнев:**—(Жүгіріп барып сүйемелеп) жүріңдер достар. Иін тіресе жүріңдер. Біздің достықты бүкіл жер жүзінің еңбекшілері ұнатады, жүріңдер!

Шымылдык

# Лагерь батылдыкка, тапқырлықка үйретеді

М. МАКАРЕНКО.

Суреттерін салған В. Нестров

Барлаушы орманға кіреді. Ол ұқыпты, сақ болуы тиіс. Оның құлағы мен көзінен ешнәрсе таса қалуы мүмкін емес, әйтпесе жауынгерлік тапсырманы ол орындай алмайды. Әрбір сыңған бұтақ, жанғырылған шөп, жаудың қалдырған ізі көп нәрсе жайындағы хабар болып есентеледі. Жақсы барлаушы болар-болмас белгіден-ақ, жаудың ойын, саңын, құралының қанша екенін кітаптан оқырандай-ақ анық біледі.

Барлаушы өз әскери бөліміне қайтып келген соң көргенін, естігенін командиріне баяндайды. Осындай ұқыпты, қабылетті жауынгер болуды балалар жастайынан үйретеді. Осы жазда Қазақстанның 120 мың пионерлері лагерьде демалып, денелерін шыңдап, өнер үйреніп қайтпақ. Пионер лагері еңбекке баулыттын, Отан қорғау мүддесіне тән қасиетті жас өспірімдерге үйрететін ерекше орын. Дене шынықтыруды табиғат аясында, таза ауада, лагерь ішінде, таңғы зарядкалар, қызық ойындар, жарысу, секіру, құлаш салыстыру (лақтыру), арқанмен жоғары көтерілу жолдары арқылы өткізуге болады. Әресе, далада жер ыңғайына байланысты көп бала қаттынасып ойнайтын ойындар әрі қызықты, әрі дене шынықтыруға пайдалы болады. Мысалы: «Түлкі» ойыны балаларды бақылаушылық, болжаушылыққа үйретеді. Бұл ойында «түлкі» болатын пионер тоғайға, я шоғырмақтардың арасына кіріп, артынан ізін қалдырып жүгіріп



отырады. «Ізіне» жыртқып кішкене қағаз тастап, я ағаштың қабығын, немесе аласа шыққан бұтаны қыйсайтып кетіп отырады.

Он минут өткеннен кейін соңынан ізшіл пионерлер қуады. Шамасы 8—10 метрдей жерде «түлкінің» жасырынғанын тапқан пионер жақсы аңшы ретінде жарияланып, «түлкі» болуға тарайындалады.

«Кім жақын» деген ойында пионер вожатын айналасын білік шөп, шоғырмақтар қоршаған төбешіктің басына шығып, жан-жағын бақылап тұрады. Пионерлер көзге түспей ұрланып келіп, осы төбешіктің түбіне жетуі керек. Сезіліп қойғандар ойыннан шығарылып тасталады. Бірнеше минут өткен соң өзі көре алмаған балаларға,



пионер вожатын «тұрындар» деген белгі береді. Бұл ойында басқарып тұрған адамға ең жақын бұққан пионер ойында ұтқан болып табылады.

«Ұя және қаршыға» деген ойында он пионер қаршыға, қалғандары түрлі құстар боп бөлінеді. Құстар ұясын, шөптен, ағаштың бұршиктерінен орап істейді, оның ішіне тас-жұмыртқа салады. Қаршығаға таптырмау үшін құстар ұясын ағаштың жиі бұтағына, қалың шөптің арасына салады.

Басқарушының берген белгісінен кейін, қаршығалар ұшып, құстың ұяларын іздей бастайды. Әр құс өз ұясынан 6-7 метрдей жерде отырады. 10 минуттан кейін жаңадан белгі беріліп, қаршығалардың қанша ұя тапқаны саналады. Бұдан соң ауысып ойнайды. Ұяны 10 минуттың ішінде қай көп тапқан қаршыға ұтқан болып есентеледі.

«Барлау» ойыны. Күзетте тұрған адамға (часовой) білдіртпей, тиіті тез жақын келу керек. Мұнда орамалмен көзі байлаулы бір пионер тұрады. Оны түнгі күзетші деп есептейміз. Әрі жылдам, сездірмей жақын келген пионерді үнсіз барлаушы деп атаймыз.

«Сазды жермен өту» бұл жылдам қыймылдауға, оңтайлы болуға арналған ойын. Барлық ойнаушылар теңбе-тең өкіге бөлінеді. Алыстығы

он метрдей жерде біріне-бірі қарама-қарсы тұрады. Екі бөлек тақтай, немесе фанер (жұқа тақтай), қатты қағаз ғана салып өтердей екі арасы саз болады. Міне, осыларды салғаннан кейін басшыларының белгісі бойынша өтіп жатады. Қай команда тез өтіп болса, сол команда жеңіп шыққан болады. Опымен қатар командалар саздың қарама-қарсы жағасына ауысып

кетеді. Жарысу, секіру, тас лақтыру сыяқты әртүрлі ойындардың бәрі лагерь маусымында пионерлердің дене шынықтыруына маңызы өте зор.

Бірақ, ойын өткізілетін жер ойынға сай болуы керек. Ойын жағдайына байланысты хажетті құрал, аспаптар қолда болуы керек.



## Табиғат зерттеушінің дәптерінен

### 1. Жапалақтың өмірі

Жазды күні түн өте қысқа болады. Жазғы түн күннен екі есе кем. Күндізгі құстар сыяқты, жапалақ та қысқа түнде балапандарын тамақтандырып болуға тырысады.

Жазды күні жапалақтың өмірі ғажап көріністі елестетеді. Бір — екі немесе бірнеше ұшуға жарап қалған үлкен балапандар ұядан сізге қарап көздерін жаудыратып отырады. Оның ар жағында қызылшақа жас балапандар, жұмыртқалар жатады. Үлкен балапандар шешесінің жұмыртқаларын баурып алып шешесіндей жылытып жатады. Егер жапалақтың алты-жеті ірі баласы болмаса, қалған жұмыртқаны ұядан басып шығаруға ересек балапандары көмектеспесе, қысқа түн барлық балапандарына тамақ тауып беруіне жетпес еді.


Міне, жапалақтың бірте-бірте жұмыртқалауға дағдыланған себебі — осы. Ересек балапандарын тамақтандырып, жас балапандарына тарам аз кетеді. Ересек балапандары ұядан ұшқан соң ғана, ең соңғы жұмыртқаларын жартады. Сөйтіп жапалақтың бір жаздағы өсімталдығы күндіз ұшатын құстардан ешбір кем болмайды.



### 2. Қайсы бір жәндіктер қалай бас сауғалайды

Кесірткені құйрығынан ұстай алсаң, оның құйрығы үзіліп сенің қолыңда қалады да өзі жылдам қашып, құтылып кетеді. Бірақ, кесіртке сыяқты, құйрығынан айрылып өлімнен құтылып кететін тағы басқа жәндіктер де толып жатыр.

Қазақстанда орман үкісі деген кішкентай құс бар. Егер мұның мамық жүнді құйрығынан ұс-



тай алсаң, терісі тұмылдырықтай сыпырылып қолыңда қалады да өзі құйрық терісіңіз өмір сүре береді.

Өмірінен гөрі құйрық терісінен айрылғаны артық, оған.

Ал, қоян басқа жолмен бас сауғалайды. Оны терісінен ұстасаң тынырлап тулайды, бір жапырақ терісің кісінің қолында ескерткіш қалдырады да өзі қашып кетеді. Терісі жыртылған жерінен бір тамшы қан шықпайды. Қоянның терісі оның өмірін қорғап қалады және тез арада жетіліп бұрынғы қалпына түседі.

М. ЗВЕРЕВ.



Суреттерін жасаған Н. Ходжиков

Жолда сапар шегіп келе жатқанда керуеншілердің бір түйесі жоғалып кетті. Түйенің иесі жоғалған түйесін іздеп шықты. Ол далада түйесін іздеп жүріп бір салт атты қарт адамға кездесті. Онымен амандасып, тілге келіп, насыбай атын тұрды да;



— Көзіңізге түспеді ме, мен бір түйе жоғалтып жүрмін, деп жайын айтты.

— Сіздің түйеңіздің сол жақ көзі соқыр ма еді және алдыңғы күрек тісі жоқ па еді, қалай, — деді қария.

— Я, я, тап өзі, — деп қуанып кетті түйесін жоғалтқан адам. — Ол қай жерде, қайдан көрдіңіз?

— Сіздің түйеңіздің қайда екенін мен қайдан білейін. Мен тек кеше кешке оның ізін ғана көргемін.

Жоғалған түйенің иесі, ұры осы кісінің өзі екен деп ойлады. Екеуі айтысып биге барды.

Қарт адам биге келгенде:

— Мен ол жоғалған түйенің түр-түсі туралы тағы да қоса айтатыным бар, — деді биге.

— Я, айта ғой, — деді би.

— Ол түйенің қомының бір жағында теңделген бал бар екен, екінші жағында теңделген бидай болса керек, — деді.

— Я, тап өзі, нағыз ұрының өзі осы, — деп қадала түсті дауыстап, түйесін жоғалтқан кісі.

Бұл сөзге би де сеніп қалды. Сөйтті де ол «айыпкерден»:

— Сіз түйені көрдіңіз бе? — деп сұрады.

— Жоқ.

— Ал, олай болса, түйенің сол жақ көзінің соқыр екенін қалай білдіңіз?

— Ол түйенің сол жақ көзінің соқыр екенін білгенімнің себебі: Ол түйе ылғый жүрген жолында жолдың оң жағындағы ғана шөпті қалып жеп отырыпты.

— Олай болса, ол түйенің алдыңғы күрек тісінің жоқ екенін қалай білдіңіз?

— Оны мынадан білдім, өйткені ол түйе жайыла жүргенде, шөпті ылғый шала сыдырып өткен.

— Олай болса, түйенің қомында теңделген бал бар екенін, екінші жағында — теңделген бидай бар екенін қайдан білдіңіз?

— Неге білмейін, өйткені түйе жүрген жолдың бір жағына бидай төгіліп, шашылып қалған, жолдың екінші жағында тамшылап бал тамған. Бидай төгілген жерде ұшып-қопып жүрген торғайлар тобын көрдім. Ал, енді жолдың екінші жағында тамған бал үстінде қаптап жүрген шыбындарды көрдім.

Сонда отырып түйесін жоғалтқан кісі:

— Жоғалған түйе келмес, бірақ, сөз таңқапқа қолқа жоқ деген, қарияның сөзінің өзіне ризамын — деп, бітісіпті.







## Тамаша ТЕАТР

Алматының орталығында әдемі, үлкен көк үй ерекше көзге түседі. Қарсы алдынан барып қарағанда, керемет оюлар кілем түстес, көркем қызықты әшекейлер еріксіз көңілді аударады.

Бұл салтанатты бейненің бір жағында домбыра шергіп тұрған атақты Жамбыл ақынды көресің. Бұған көзін қадап, тесіле қарап тұрған балалар тәтті қыял шынына шарықтайды. Одан әрі өткен ғасырдың өлмес асыл жырын біздің дәуірімізге азық етіп кеткен орыс халқының данышпап ақыны Александр Сергеевич Пушкин тұр. Сен Пушкин мен дидалрасып тұрғанда боласың. Ол өзінің өлеңдерін тап алдыңа әкеп оқып тұрғандай.



Бұл сәулетті үй — Қазақтың Мемлекеттік балалар және жас өспірімдер театры. Бұл театрды халқымыз балаларға өткен күзде даңқты мереке үстінде тарту еткен болатын. Содан бері бұл театр астана балаларына бірнеше тамаша пьесалар, ойын-сауықтар көрсетті. Мектеп оқушылары, пионерлер өздерінің бос уақытын осында өткізеді.





Театрда күн сайын, ертеден кешке дейін бірнеше рет пьеса, кино, ойын-сауық үйірмелерінің ойыны үздіксіз қойылып жатады.

Балалар театрының ең сәулетті, салтанатты залы — «Алтын зал». Жұрттың бұл залды «Алтын зал» дейтін себебі: төбесі алтын сыпатты бояумен боялған. Оның үстіне жазылған электр шамдары алтын шашақты қалқанмен оралған. Усталған қызыл жаймалардың зерлі оюлары, баулары алтын түстес жалтырап тұрады. Бұл залдың төрінде ақ киіз үйдің ішінде, қырмызы қызыл кілемнің үстінде қарт Жамбылдың «Бесік жырын» шертіп отырған, бір шебердің ағаштан ойып жасаған суретін көресің. Жамбылдың әрі өзін көргендей, әрі сөзін естігендей боласың.

Залдың сол қабырғасына, жауына ойран салып

жүрген қазақтың ара батыры Қобландының суреті салынған. Оның қатарында өткен замандағы халықтың мұңын толғай, қобыз ойнап, ерлікпен күңіреніп өткен Қорқыт күйші отыр.

Құрмалы столдың жанында өлең сарайын ашып, сөз сарасын теріп Абай ақын отыр.

Түйетастың үстінде, өз ауылының жанында айналасын балалар қоршаған Ыбырай ақын, бір кітабын ашып қойып, екінші кітапты қолтығына қысып:

— «Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық,

— деп отырған суреті салынған. Бұдан—біз де жақсы оқыйық, өз заманымызға лайық өнерпаз болайық, деген қортынды шығарамыз.



# О Д А Н - Б У Д А Н

## ҚОЛ МЫҚТЫ МА, ТІС МЫҚТЫ МА?

Кейде циркте мынадай ойын көрсетеді, бір кісі үйдің төбесіне қағылған шығыршықтан тістеп, қолын бос жіберіп, салбырап тұрады. Оның аяғынан екінші кісі, одан кейін үшінші кісі барып ұстайды. Сонда үш кісінің салмағын жоғарғы кісінің жақ сүйегі жібермей көтеріп тұрады.

Андардың жағы мұнан да мықты болады. Айтайық, Бульдог (иттің бір түрі) тісін айқастырып алғанда, оның жағын ешқандай күш аша алмайды. Бейне бір кілттеп тастаған құлыптай, сындырмасаң, басқа ырқына көнбейді.

Адам қолымен қысып бұршақты сындыра алмайды. Ал, бұршақты азу тісіңе салып, басып қалсаң, күтір ете түседі. Бұдан адамның қолынан тісінің мықты екендігін байқаймыз.

Әдетте, пышақты асыл темірден істейді. Сонда да бір аз ұсталғаннан кейін пышақ өтпей қалады, қайтадан қайралады.

Ал, тіс ешбір қайрауды керек етпейді. Талай жылдар бойына ет те шайнайды, сүйекте мұжыйды, қатты сықпа, құртты да күтірлете береді — бірақ, тез муқала қоймайды.

Тістің мұндай төзімді, мықты болу себебі — тіс ақ болат тәрізді эмаль дейтін асыл затпен қапталған. Бұл зат тастан да, темірден де, болаттан да қатты. Сол тіске қылыш та өтпейді.

## „ГЕЛИКОПТЕР“

«Геликоптер» дейтін самолеттің жаңа бір түрі. Мұны ойлап шығарғандар — сталиндік сыйлықтың лауреаттары академик Б. Н. Юрьев пен конструктор И. П. Братухин.

Бұл самолеттің басқа самолеттерден айырмасы мынау — бұл жерден көтеріліп ұшқанда бірден тік көтеріліп ұшады, қонғанда да жерге тік қонады. Сондықтан «Геликоптер» самоләті үшін әдейі қонуға жасалған алаңның хажеті жоқ. Сонымен қатар, бұл самолет қызғыш құс тәрізді әуеде қозғалмай тұра алады, солай тұрып ол шыр айналады да. Жазатайым көкте ұшып келе жатқанда, маторы бұзылып тоқтап қалса да «Геликоптер» апатқа ұшырамайды, жайлап барып жерге қонады.

Қазіргі совет «Геликоптер» самоләті өте тез ұшады, келешекте басқа самолеттердің бәріне де тез ұшатын болуы мүмкін деген жорамал бар.



## М А З М У Н Ы

	бет.		бет.
М. Габдуллин—Жәкеймен соғғы кездесуім . . . . .	1	Т. Сағымбаев.—Балалар (әңгіме) . . . . .	21
С. Бегалин—Бгла Жамбыл . . . . .	3	Ж. Қонақбаев—Достық (спенировка) . . . . .	23
Жамбыл—Бесік жыры . . . . .	6	Б. Макаренко—Лагерь батылдыққа, тапқырлыққа үйретеді . . . . .	27
Қазақстан Комсомолы 25 жасқа толды . . . . .	7	М. Зверев—табиғат зерттеушінің дәптерінен . . . . .	28
С. Мұқанов—Қыранның уясында (романнан үзінді) . . . . .	8	Ізгіл (ертегі) . . . . .	29
К. Сәтбаев—Қазақ Ғылым Академиясы . . . . .	12	Тамаша театр . . . . .	30
К. Қуанышбаев—Ұлы жоспар туралы әңгіме . . . . .	13	Одан—бұдан . . . . .	32
Ю. Смолич—Чемпион (әңгіме) . . . . .	16	Ойлап тап . . . . .	
Т. Жәроков—Сұр құлын (өлең) . . . . .	19		

Мұхабаның 1-ші бетіндегі «Жамбыл пионерлер арасында» деген суретті жасаған суретші К. Ческидов.  
Мұхабаның 4-ші бетіндегі «Жаз» деген суретті жасаған суретші Н.Ходжиков.

Шығарушылар алқасы: Абдрахманов Т. (жауапты редактор), Ахмедова Н., Борамбаев Қ., Бектұров Ә., Жармағамбетов Қ., Мұқанов С., Сытдықов Ә., Қонақбаев Ж., Черкасский А. М.  
Тех. редакторы А. К. Доморощин.



Подписано к печати 10. VII—46 г. 82x110 1/10 бумаж листа. УГО1518 760 0 зн. в п. л. объем 2 п. л. Тираж 10000 Зак. №721

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР г.р. Алма-Ата, Проспект Ленина, 2



**«ЖАМБЫЛ» ДЕГЕН  
ТАҚЫРЫПТА  
ЖАСАЛҒАН ЧАЙНВОРД**

**ОТЫЗ АЛТЫ ҮЙ**



Осы төрт бұрышты 36 қесте — 36 бөлмелі үй. Үстінгі бұрыштағы тор көз—үйдің несі тұратын бөлме.


Үйдің несі барлық бөлмені аралап келіп, тап қарама—қарсы белгі қойылған бұрыштағы үйден тысқа шығу керек.

Бірақ, үй несі өз тұрған бөлмеден басқа бөлмеге екінші рет кірмеуі шарт.

1. Арқаның асқан сері әншісі, 1912-жылдары Жетісу бойына келген, сонда оған Жамбыл жолыққан. 2. Жамбылмен айтысқан ірі айтыс ақыны. 3. Жамбылдың 1936 жылы айтқан әйгілі толғау өлеңі. 4. Жамбылдың туып өскен жері. 5. Біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген атақты қолбасы, патша. Оның аты Жамбылдың өлеңдерінде кездеседі. 6. Парсы ақыны Фердаусидың «Шаһнама» атты дастанының басты геройы. Мұның да аты Жамбылдың өлеңдерінде кездеседі. 7. ХІХ ғасырдағы атақты айтыс ақыны, руы дулат. 8. Украинаның данышпан ақынына арнап жырлаған Жамбылдың өлеңі. 9. Шапранты руынан шыққан атақты батыр, Жамбылдың айтыс жырларының геройы. 10. Жамбылдың 1937 жылы айтқан өлеңі. 11. 1916 жылдың ұлы қозғалысы кезінде жырлаған өлеңі. 12. Бұрынғы Жамбыл ауданы. 13. Халық ақыны, әнші, Жамбылдың шәкірті. 14. Қазақтың Жамбылдан кейінгі әйгілі ақыны, былтыр қайтыс болды. 15. Жамбылдың 1938 жылы бір мерекеге арнап айтқан өлеңі. 16. Ұлы жүздегі ру аты. 17. Семей облысындағы қазіргі халық ақыны. 18. Жамбылдың 1937 жылы алыс сапарға аттанып бара жатқанда шығарған сұлу лирикасы. 19. «Сұраншы батыр» поэмасының геройларының бірі. 20. Жамбылмен айтысқан ақын. 21. Жамбылдың 1937 жылы халық жаулары туралы айтқан өлеңі. 22. Сұраншы батырдың жолдасы. 23. Жамбылдың революцияға дейін көп айтқан өлең түрі. 24. Жамбылдың жас кезіндегі Жетісудағы әнші қыз. 25. Жамбылдың отан соғысы майданында қаза тапқан баласы.

Чайнвордты жасаған Т. НАЙМАНОВ.

# Ж А З



Зенгер тау, алкабыннын  
шөбі майса,  
Май басар, саган колхоз  
малын жайса,  
Козы, лак бауырында асыр  
салган,  
Тауда ойнап, бойын жазган  
нуралайша!

Жадырар жаздын күні  
жанга жайлы,  
Көл толкып, күміс езен  
сылдырайды.  
Пионер козы ұстаган кой  
жанында,  
Көріп түр жарыс салган  
күлын-тайды.